- теміржол көлігіне арналған отырғыштар өндіру, (30.20.0 қараңыз)

- әуе ұшу аппараттары үшін отырғыштар өндіру, (30.30 қараңыз)
- жиһазды қайта тарту және қалпына келтіру кірмейді, (95.24.0 қараңыз)

## **32 Өзге де дайын бұйымдар өндіру**

Бұл бөлімге осы жіктеуіштің басқа бөлімдеріне енгізілмеген әр түрлі бұйымдар өндіру кіреді. Түрлі өндірістік процестерді пайдаланумен түрлі материалдардан өндірілген қолданылуы әр түрлі бұйымдар өндіру болуы мүмкін. Аталған бөлімде қызметті жіктеу үшін жіктелімнің түрлі белгілері пайдаланылады.

### **32.1 Зергерлік бұйымдар, бижутерия және ұқсас бұйымдар өндіру**

Бұл топқа зергерлік бұйымдар және бижутерия өндіру кіреді.

#### **32.11 Тиындар және медальдар соғу/шығару**

##### **32.11.0 Тиындар және медальдар соғу/шығару**

Бұл ішкі класқа:

- төлем құралы ретінде пайдалануға арналған тиындарды қоса алғанда, бағалы және бағалы емес металдардан тиындар өндіру кіреді

#### **32.12 Зергерлік және ұқсас бұйымдар өндіру**

##### **32.12.0 Зергерлік және ұқсас бұйымдар өндіру**

Бұл ішкі класқа:

- өңделген маржан өндіру
- өнеркәсіптік қолданыстағы тастарды өңдеуді және синтетикалық немесе қалпына келтірілген бағалы немесе жартылай бағалы тастарды қоса алғанда өңделген бағалы және жартылай бағалы тастарды өндіру
  - алмастар өңдеу
  - бағалы металдармен, бағалы немесе жартылай бағалы тастардан, немесе бағалы металдармен бағалы немесе жартылай бағалы тастармен немесе өзге де материалдардан апталған бағалы және бағалы емес металдардан зергерлік бұйымдар өндіру
    - бағалы металдармен апталған бағалы металдардан немесе бағалы емес металдардан, бұйымдар: асханалық құралдар, ұсақ және терең ыдыстар, жуыну керек-жарақтарын, кеңселік үстел бұйымдарын, діни мақсаттағы бұйымдар және т.б. өндіру
      - бағалы металдардан техникалық немесе лабораториялық бұйымдар (құралдар мен қосалқы бөлшектерді қоспағанда): ожаулар, қалақшалар, электр қаптауға арналған анодтар және т.б. өндіру
        - бағалы металдан қол сағаттарына арналған білезіктер, сағатбаулар, сағаттардың білезіктеріне және портсигараларға арналған түймеліктерді өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- дербес тапсырыс бойынша бағалы және бағалы емес металдан жасалған бұйымдарды оюлау кіреді

Бұл ішкі класқа:

- қол сағаттарына арналған металл емес сағатбаулар өндіру (тоқымалық, теріден, пластмассадан және т.б.), (15.12.1 қараңыз)

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

- бағалы металдармен апталған бағалы емес металдан жасалған бұйымдар өндіру (бижутерияны қоспағанда), (25-бөлімді қараңыз)
- сағаттар үшін корпусстар өндіру, (26.52.3 қараңыз)
- қол сағаттарына арналған бағалы емес металдардан білезіктер өндіру, (32.13.0 қараңыз)
- бижутерия өндіру, (32.13.0 қараңыз)
- зергерлік бұйымдарды жөндеу кірмейді, (95.25.2 қараңыз)

### **32.13 Бижутерия және ұқсас бұйымдар өндіру**

#### **32.13.0 Бижутерия және ұқсас бұйымдар өндіру**

Бұл ішкі класқа:

- жинақтамалар немесе бижутерияның жекелеген заттары: сақиналар, білезіктер, тізбекшелер, алқалар және бағалы металдармен апталған бағалы емес металдардан осы сияқты бұйымдар; және жасанды өсірілген тастар жасанды гауһар және сол сияқты бағалы тастар имитациясынан зергерлік бұйымдар өндіру
- қол сағаттарына арналған металл білезіктер өндіру (бағалы металдардан жасалғанын қоспағанда) кіреді

Бұл ішкі класқа:

- бағалы металдардан немесе бағалы металдармен апталған зергерлік бұйымдар өндіру, (32.12.0 қараңыз)
- табиғи бағалы тастардан тұратын зергерлік бұйымдар өндіру, (32.12.0 қараңыз)
- бағалы металдардан қол сағаттарға арналған білезіктер өндіру кірмейді, (32.12.0 қараңыз)

### **32.2 Музыкалық аспаптарды өндіру**

#### **32.20 Музыкалық аспаптарды өндіру**

##### **32.20.0 Музыкалық аспаптарды өндіру**

Бұл ішкі класқа:

- ішекті аспаптар өндіру
- автоматты пианиноны қоса алғанда, пернелі ішекті аспаптар өндіру
- фисгармондарды және металл тілшігі бар ұқсас аспаптарды қоса алғанда, пернелі үрмелі органдар өндіру
- еріндік сырнайларды қоса алғанда, аккордеондар мен осыған ұқсас аспаптар өндіру
- үрмелі аспаптар өндіру
- соқпалы музыкалық аспапта өндіру
- электрондық музыкалық аспаптар өндіру
- музыкалық сандықшалар, жәрмеңкелік органдар, каллиооптар және т.б. өндіру
- музыкалық аспаптарға арналған бөлшектер мен керек – жабдықтар: метрономдар, камертондар, камертон-сыбызғылар, карталар, автоматты музыкалық аспаптарға арналған дискілер және орамдар және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:



- ысқырықтарды, сыбызғылар және өзге де дыбыстық сигнал беретін аспаптар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- магниттік ленталар және дискілерде дыбыс- және бейне жазбаларды жаңғырту, (18.20.1, 18.20.2 қараңыз)
- микрофондар, күшейткіштер, дауысзорайтқыштар, құлаққаптар және осы сияқты бұйымдар өндіру, (26.40.0 қараңыз)
- ойнатқыштар, магнитофондар және т.с.с. өндіру, (26.40.0 қараңыз)
- ойыншық музыкалық аспаптар өндіру, (32.40.0 қараңыз)
- органдарды және өзге де көне музыкалық аспаптарды қалпына келтіру, (33.19.0 қараңыз)
- магниттік ленталарда және дискілерде дыбыс- және бейне жазбаларды шығару, (59.20.0 қараңыз)
- пианиноны баптау кірмейді, (95.29.4 қараңыз)

### **32.3 Спорттық тауарлар өндіру**

#### **32.30 Спорттық тауарлар өндіру**

##### **32.30.0 Спорттық тауарлар өндіру**

Бұл ішкі класқа спорттық және атлетикалық тауарлар (киімді және аяқ киімді қоспағанда) өндіру кіреді.

Бұл ішкі класқа:

- кез келген материалдан спорттік, ашық ауада және жабық үй-жайларда айналатын спорттық ойындарға арналған бұйымдар және жабдықтар: қатты, жұмсақ және үрленетін доптар, ракеткалар, соққы таяқтар мен сырғытпа таяқтар, шаңғылар, шаңғы бекіткіштер мен таяқтары, шаңғы бәтеңкелерін, желқайық тақтайлары және серфингке арналған тақташалар, балық аулайтын ілмектерді қоса алғанда, спорттық балық аулауға арналған керек-жарақтар, аңшылыққа, альпинизмге және т.б. арналған керек-жарақтар, спорттық былғары қолғаптар және спорттық бас киімдер, жүзуге және есуге арналған бассейндер үшін резервуарлар, мұзда коньки тебуге арналған конькилер, роликті конькилер және т.б., садақтар мен арбалеттер, гимнастика залдарына, фитнес-орталықтары немесе спорттық клубтарына арналған жабдықтар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- желкендер өндіру, (13.92.0 қараңыз)
- спорттық киімдерін өндіру, (14.13.0 қараңыз)
- қайыс бұйымдар және әбзелдер өндіру, (15.12.2 қараңыз)
- атқа мініп жүруге арналған қамшылар және жабдықтар өндіру, (15.12.2 қараңыз)
- спорттық аяқ киімдер өндіру, (15.20.0 қараңыз)
- спорттық қарулар және оқ-дәрілер өндіру, (25.40.0 қараңыз)
- ауыр атлетикада пайдаланылатын металлдық гирьлерді өндіру, (25.99.9 қараңыз)
- шаналардан және т.с.с. басқа, спорттық көлік құралдарды өндіру, (29 және 30-бөлімдерді қараңыз)
- қайықтар өндіру, (30.12.0 қараңыз)
- бильярдтық үстелдер өндіру, (32.40.0 қараңыз)
- бирушаларды және мұрынға арналған қысқыштарды өндіру (мысалы жүзуге және мұрынды қорғауға арналған), (32.99.9 қараңыз)

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

- спорт тауарларын жөндеу кірмейді, (95.29.9 қараңыз)

### **32.4 Ойындар және ойыншықтар өндіру**

#### **32.40 Ойындар және ойыншықтар өндіру**

Осы класқа қуыршақтар, ойыншықтар және ойындар (электрондық ойындарды қоса алғанда), кішірейтілген модельдер және балаларға арналған көлік құралдары (металл екі-, үш дөңгелекті велосипедтерді қоспағанда) өндіру кіреді.

##### **32.40.0 Ойындар және ойыншықтар өндіру**

Бұл ішкі класқа:

- қуыршақтар және қуыршақ киімдерін, керек-жарақтарды және аксессуарларды өндіру

- адамдардың ойыншық фигураларын өндіру

- жануарлардың ойыншық фигураларын өндіру

- ойыншық музыкалық аспаптар өндіру

- ойын карталарын өндіру

- үстел ойындарды және сол сияқты ойындар өндіру

- электрондық ойындар: шахматтар және т.б. өндіру

- кішірейтілген (масштабты) ойын үлгілер және сол сияқты ойындық үлгілерін, электрлік темір жолдар, конструкторлар және т.б. өндіру

- тиын салғанда жұмыс істейтін ойындар, бильярдтық керек-жарақтар, казино үшін арнайы үстелдер және т.б. өндіру

- ашық ауада көңіл көтеретін ойындарға арналған бұйымдар үстел немесе бөлме ойындарын өндіру

- пластмассадан жасалған екі- және үш дөңгелекті велосипедтерді қоса алғанда, дөңгелектері бар балалардың мінуіне арналған ойыншықтар өндіру

- бас қатырғыштар және осы сияқты бұйымдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- бейне ойындарға арналған басқару пульттарын өндіру, (26.40.0 қараңыз)

- велосипедтер өндіру, (30.92.1 қараңыз)

- ұтыс ойындарға және сыйлықтарға арналған бұйымдар өндіру, (32.99.3, 32.99.9 қараңыз)

- пультпен басқарылатын бейне ойындарға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және шығару кірмейді, (58.21.0, 62.01.1 қараңыз)

### **32.5 Медициналық және стоматологиялық құралдар мен керек-жарақтарды өндіру**

#### **32.50 Медициналық және стоматологиялық құралдар мен керек-жарақтарды өндіру**

Осы класқа лабораториялық жабдық, хирургиялық және медициналық құралдар, хирургиялық аспаптар, құрылғылар және керек-жарақтар, стоматологиялық жабдық және керек-жарақтар, тіс протездері тауарларын, стоматологиялық және тіс протезі керек-жарақтарын өндіру кіреді. Осы класқа сонымен қатар медициналық, стоматологиялық

және көтеру функциясы бар тіс дәрігеріне креслолары сияқты спецификалық керек-жарақтармен қосымша жабдықталған жиһаз өндіру кіреді.

#### 32.50.1 Медицинада пайдаланылатын цемент өндіру

Бұл ішкі класқа:

- пломбалық материалдар және стоматологиялық цементтер (стоматологиялық жабысқыш құрамдарды қоспағанда) өндіру
- сүйек ұлпасын қалпына келтіру үшін медициналық цементтер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- стоматологиялық жабысқыш құрамдар өндіру кірмейді, (20.42.0 қараңыз)

#### 32.50.2 Медициналық құралдар, аппараттар мен жабдық өндіру

Бұл ішкі класқа:

- шприцтер, инелер, катетерлер, канюльдері және т.б. өндіру
- стоматологиялық лабораториялық пештер өндіру
- ультрадыбыстық тазалауға арналған лабораториялық жабдық өндіру
- зертханалық зарарсыздандырғыштарды өндіру
- стоматологиялық құралдар өндіру
- медициналық термометрлер өндіру
- лабораториялық дисстиляторлар, лабораториялық центрифугалар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- электрлік медициналық және электрлік терапиялық жабдық өндіру кірмейді, (26.60.0 қараңыз)

#### 32.50.3 Хирургиялық және ортопедиялық құрылғылар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- хирургиялық салфеткаларды, стерилді жаймалаларды және бинттерді өндіру
- сүйектерді бекіту үшін пластиндер және винттерді өндіру
- тіс техникалық лабораторияларда дайындалған тіс протездер, көпірлер және т.б. өндіру
- ортопедтік құрылғылар және протездер өндіру
- көз протездерін өндіру
- офтальмологиялық бұйымдарды, көруді түзетуге арналған көзілдіріктер, күннен қорғайтын көзілдіріктер, көзілдіріктерге линзалар, контактілі линзалар, қорғаныш көзілдіріктерін өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- мақта дәрілік заттармен дымқылданған медициналық таңғыштар және т.б. өндіру, (21.20.1 қараңыз)
- оптиктер қызметі кірмейді, (47.78.1 қараңыз)

#### 32.50.4 Медициналық, хирургиялық, стоматологиялық және ветеринарлық жиһаз өндіру

Бұл ішкі класқа:

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

- операциялық үстелдері, қарауға арналған үстелдер, механикалық құрылғылары бар ауруханалық керуеттер, қосалқы орналастырылған стоматологиялық жабдығы бар стоматологиялық креслолар сияқты медициналық, хирургиялық, стоматологиялық немесе ветеринарлық жиһаз өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- мүгедектерге арналған арбалар өндіру кірмейді, (30.92.2 қараңыз)

### **32.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де дайын бұйымдарды өндіру**

#### **32.91 Сыпырғыштар және щеткалар өндіру**

##### **32.91.0 Сыпырғыштар және щеткалар өндіру**

Бұл ішкі класқа:

- сыпырғыштар, қылқаламдар және машиналардың құрамдас бөлігі болып табылатын щетканы қоса алғанда, щеткалар, еденге арналған механикалық қол щеткалар, швабралар, қауырсыннан сыпырғыштар, бояушы қылқаламдар, бояушы біліктер, резеңке швабралар, өзге де сыпырғыштар, щеткалар және т.б. өндіру

- киімге және аяқкиімге арналған щеткалар өндіру кіреді

#### **32.99 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де өнімдерді өндіру**

##### **32.99.1 Кеңсе бұйымдарын өндіру**

Бұл ішкі класқа:

- механикалық және механикалық емес қаламдар және қарындаштардың барлық түрлерін өндіру

- қарындашты грифельдер өндіру

- күнді қоюға, жапсыру немесе нөмірлерді қоюға арналған штемпельдер, баспа және затбелгілерді бастырып бедерлеу үшін қол құрылғыларын, заттаңбалар мен биркалар, баспа қол жинақтамаларын, жазу машиналарына арналған дайын таспалар және штемпель жастықшаларын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- ұсақ қағаз бұйымдарын өндіру кірмейді, (17.29.0 қараңыз)

##### **32.99.2 Металдық галантерея бұйымдарын өндіру**

Бұл ішкі класқа:

- жаңбырдан қорғайтын қолшатырлар, күннен қорғайтын қолшатырлар, тросттар, отырғыштар өндіру

- түймелер, батырмалар, түймеліктер, жеңтүймелер, сыдырма-түймеліктер өндіру кіреді

##### **32.99.3 Кәдесый бұйымдарды өндіру**

Бұл ішкі класқа:

- саяхаттап келген ел, қала және т.б. сондай-ақ біреу туралы естелік ретінде орындалған, көркемөнер бұйымдары немесе заттар түріндегі әртүрлі материалдардан бұйымдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- күнделікті тұрмыста талап етілетін бұйымдарды өндіру кірмейді

### 32.99.9 Өзге де бұйымдарды өндіру

Бұл ішкі класқа:

- оттықтар өндіру
- жеке пайдалану бұйымдары: темекі тарту түтіктер, тарақтар, шашқа қыстыратын түйреуіштер, иіс суларға арналған бүріккіштер, термостар және жеке немесе үй шаруашылығында пайдалануға арналған басқа да вакуумды ыдыстар, сондай-ақ париктер, жапсырма сақалдар мен қастарды өндіру
  - әр түрлі бұйымдар: әр түрлі пішіндегі шырақтар және т.с.с., жасанды гүлдестелер, жемістер және жапырақтар; фокустарды көрсетуге арналған жабдықтар; ойыншық-әзілдер, қол елегіштер және торлар, тігіншілерге арналған манекендер; жерлеу табыттарын және т.б. өндіру
    - гүл себеттері, гүлшоқтар, азангүлдер, тізбекшелер және ұқсас бұйымдар өндіру
    - құстар мен жануарлардың қарақшыларын толтыру
      - жеке қорғаныш құралдарын: отқа төзімді және алдын ала қорғаныш киімдерін, кәсіби пайдалануға арналған қорғаныш белдіктер және басқа да белдіктер, тоздан жасалған қорғаныш заттар, пластмасадан қорғаныш каскалар және жеке қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған басқа да пластмассалық бұйымдар (мысалы, сопртпен айналысуға арналған дулығалар), өрт сөндірушілерге арналған құтқару костюмдер, металл қорғаныш бас киімдер және жеке қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған басқа да металл бұйымдар, бирушалар мен мұрынды қорғауға арналған қысқыштар (мысалы, жүзуге және мұрынды қорғауға арналған құралдар), газтұтқыш/респираторлар өндіру
        - глобустарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- білтелер өндіру, (13.96.0 қараңыз)
- арнайы киімдер (мысалы, лабораториялық немесе жұмыс комбинезондары, униформалар) өндіру кірмейді, (14.12.0 қараңыз)

### 33 Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату

Бұл бөлімге машиналарды, жабдықтарды жұмысшы қалпына келтіру мақсатында өңдеу өнеркәсібі секторында жасалған өнімдердің мамандандырылған жөндеуі кіреді. Оның өнімділігін арттыру және сыну мен алдын ала жөндеуден сақтайтын жабдық үшін талап етілетін мұндай өнімдердің жоспарлы техникалық күту де осы бөлімге енгізілген.

Бұл бөлімге тек мамандандырылған жөндеу және техникалық күту кіреді. Машиналар, жабдықтар және басқа да бұйымдардың жөндеу жұмыстарын оның өндірушісі жүзеге асырған жағдайда, қызмет қосалынған құн қағидатынан, одан осындай аралас қызмет (өндіруді және жөндеуді қамтитын) көбінесе өнімді өндіру қызметіне жатады. Аталған қағидаттар бойынша сауда мен жөндеуден тұратын аралас қызмет те жіктеледі.

Күрделі жөндеу немесе машиналар мен жабдықтарды толығымен жаңғырту өңдеу өнеркәсібіне жатқызылған және осы секцияның басқа бөлімдеріне кіреді.

Тұтыну тауарларын жөндеу және техникалық күту тұрмыстық құралдарды жөндеу және техникалық күту (мысалы, жиһаз және интерьерге қажет заттарды жөндеу (95.24.0 қараңыз) болып жіктеледі.

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

Бұл бөлімге сондай-ақ машиналар мен жабдықтардың арнайы монтажы да кіреді. Бірақ электр өткізгіші, лифттер немесе ауаны кондициялау жүйелерінің монтажы сияқты ғимараттың немесе осындай имараттардың ажырамас бөлігін құрайтын жабдықты орнату «Құрылыс» F секциясына жатқызылған.

Бұл бөлімге:

- өндірістік машиналар мен жабдықтарды тазалау, (81.22.0 қараңыз)
- компьютерлер және коммуникациялық жабдықты жөндеу және техникалық күту (95.1 қараңыз)
- тұрмыстық тауарларды жөндеу және техникалық күту кірмейді, (95.2 қараңыз)

### **33.1 Дайын металл бұйымдарды, машиналарды және жабдықты жөндеу**

Бұл топқа металдан бұйымдарды, машиналарды, жабдықтарды және басқа бұйымдарды жұмысшы қалпына келтіру мақсатымен өңдеуші өнеркәсіп секторында шығарылатын өнімдердің арнайы жөндеуі кіреді. Жабдықтың өнімділігін жоғарылату үшін қажет етілетін және көбінесе жабдықты уақытынан бұрын жөндеуден сақтайтын мұндай өнімнің жоспарланған техникалық күтуді де осы топқа енгізілген.

Бұл топқа:

- машиналар және жабдықтық күрделі жөндеуі немесе толық жаңғыртуы, (25-30 бөлімдерінде тиісті класты қараңыз)
- өндірістік машиналар мен жабдықты тазалау, (81.22.0 қараңыз)
- компьютерлерді және коммуникациялық жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету, (95.1 қараңыз)
- тұрмыстық тауарларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кірмейді, (95.2 қараңыз)

#### **33.11 Дайын металл бұйымдарды жөндеу**

Осы класқа 25-бөлімде өндірісі дайын металл бұйымдарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді.

Бұл класқа:

- дайын металл бұйымдарды тез пісірумен жөндеу кіреді

##### **33.11.1 Металл цистерналар, резервуарлар және контейнерлер жөндеуі**

Бұл ішкі класқа:

- металл цистерналар, резервуарлар және контейнерлер жөндеуі
- жүктер мен қоқыстарды тасымалдауға арналған болат контейнерлер жөндеуі кіреді

##### **33.11.2 Орталық жылыту радиаторлары мен қазандықтарының жөндеуі**

Бұл ішкі класқа:

- орталық жылыту жүйелерін және т.б. жөндеу кірмейді, (43.22.0 қараңыз)

##### **33.11.3 Орталық жылыту қазандықтарынан басқа, бу қазандықтарын жөндеу**

Бұл ішкі класқа:

- бу немесе басқа бу шығаратын қазандықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету

- бу қазандарына арналған көмекші жабдықтарды: конденсаторлар, жылытқыштар, бумен қыздырғыштар, бу жинағыштар және бу акумуляторларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету

- изотоптық айыруға арналған құпылғылардан басқа, ядролық реакторларды жөндеу, техникалық қызмет көрсету

- кеме немесе күш қазандықтарына арналған бөлшектерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

#### 33.11.4 Атыс қаруы мен артиллериялық құралдарды жөндеу

Бұл ішкі класқа:

- атыс қаруы және артиллериялық құралды (спорттық және ойын-сауық қарудың жөндеуін қоса алғанда) жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

#### 33.11.9 Өзге де металл бұйымдарды жөндеу

Бұл ішкі класқа:

- сатып алу арбаларын жөндеу және техникалық қызмет көрсету

- құбырларды және өткізгіш құбырларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жүздерді және араларды қайрау, (33.12 қараңыз)

- механикалық жабылатын құрылғыларды, сейфтерді және т.б. жөндеу кірмейді, (80.20.0 қараңыз)

### 33.12 Машиналар мен жабдықты жөндеу

Осы класқа жүздерді және араларды қайрау және орнатуға арналған машиналар сияқты машиналар мен өндірістік мақсаттағы жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету; дәнекерлеуді қолданумен өндірістік машиналар және жабдықтарды жөндеу; ауылшаруашылық және басқа да өндірістік машиналарды және жабдықтарды жөндеу 28-бөлімнің машиналары және жабдығын қоса, (мысалы, жүк көтергіштер және басқа да көтергіш-тасымалдау, станоктар, өнеркәсіптік тоңазытқыш жабдығы, құрылыс жабдығы және тау-кен өнеркәсібіне арналған жабдық) жөндеу кіреді.

#### 33.12.1 Механикалық жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- авиациялық, автомобильдік, мотоциклеттік басқа, қозғалтқыштарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету

- сорғылар, компрессорларды және ұқсас жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету

- клапандарды жөндеу

- гидравликалық жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету

- тісті жетектерді және жетек элементтерін жөндеу кіреді

## ҚР ҰЖ 03-2019

33.12.2 Жалпы мақсаттағы басқа да жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- көтергіш-тасымалдау жабдығын, жөндеу және техникалық қызмет көрсету
  - өнеркәсіптік тоңазыту жабдығын және жеделдеткіш жабдығын жөндеу және техникалық қызмет көрсету
  - жалпы мақсаттағы өзге де өнеркәсіптік машиналарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету
- өнеркәсіптік пештерді, шілтерлерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету
  - салмақты өлшеу жабдығын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

Бұл ішкі класқа:

- пештер және басқа да жылыту жабдығын орнату, жөндеу және техникалық қызмет көрсету, (43.22.0 қараңыз)
- лифтілер мен эскалаторларды орнату, жөндеу және техникалық қызмет көрсету кірмейді, (43.29.8 қараңыз)

33.12.3 Ауыл және орман шаруашылығына арналған машиналар мен жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- ауылшаруашылық тракторларын жөндеу және техникалық қызмет көрсету
- ауыл, орман шаруашылығы және ағаш материалдарын тасымалдауға арналған машиналар мен жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

33.12.4 Станоктарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- механикаланған қол аспаптарды жөндеу
- металл кесетін станоктар және металды өңдеу және олардың аксессуарларын жөндеу және техникалық қызмет көрсету
- басқа да станоктарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

33.12.5 Арнайы мақсаттағы басқа да машиналар мен жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- металлургия үшін машиналар мен жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету
  - кен өндіру өнеркәсібі, құрылыс, мұнай-газ өндіруге арналған машиналар және жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету
  - азық - түлік өнімдер, сусындар және темекі бұйымдар өндіру және қайта өңдеуге арналған машиналар және жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету
  - тоқыма, тігін, былғары және тері бұйымдарын жасауға арналған машиналар және жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету
  - қағаз және қатырма қағазды жасауға арналған машиналар және жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету
  - пластмасса және резеңкені өңдеуге арналған машиналар және жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету



- 28 бөлімнің арнайы мақсаттағы басқа да машиналар және жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

33.12.6 Офистік машиналарды және есептеуіш техникаларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- сауда автоматтарын жөндеу, техникалық қызмет көрсету және күту
- кассалық аппараттарды жөндеу, техникалық қызмет көрсету және күту
- фотокөшірме машиналарды жөндеу, техникалық қызмет көрсету және күту
- электронды немесе электрондық емес калькуляторларды жөндеу
- жазу машинкаларын жөндеу
- есептеу жабдықтарды техникалық қызмет көрсету және күту кіреді

Бұл ішкі класқа:

- компьютерлерді жөндеу кірмейді, (95.11.0 қараңыз)

### 33.13 Электрондық және оптикалық жабдықты жөндеу

Осы класқа тұрмыстық мақсаттағы тауарларды қоспағанда, 26.5, 26.6 және 26.7-топтарында жүргізілген жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді.

Бұл класқа:

- коммуникациялық жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету, (95.12.0 қараңыз)
- кәсіби теле- және бейне камераларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету, (95.12.0 қараңыз)
- әуесқойлық бейнекамераларды жөндеу кірмейді, (95.21.0 қараңыз)

33.13.1 Өлшеуге, тестілеуге және навигацияға арналған құралдар мен аспаптарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- метеорологиялық аппаратура, физикалық, электрлік және химиялық қасиеттерді өлшеу және тексеру, метеорологиялық жабдықтар, радиациялық сәулеленуді анықтауға арналған аспаптар сияқты 26.5-топтың өлшеу, тестілеу және навигациялық жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

Бұл ішкі класқа:

- қол сағаттарын және сағаттың өзге де түрлерін жөндеу кірмейді, (95.25.1 қараңыз)

33.13.2 Бақылау жабдығын жөндеу

Бұл ішкі класқа:

- авиациялық козғалтқыштар жұмысын бақылау үшін жабдық, автомобильдік шығыралатын қалдық газдардың шығарындыларын бақылау үшін жабдық сияқты 26.5 – топтың бақылау жабдығы жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

33.13.3 Сәулелендіруші, электрмедициналық және электртерапевтік жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

Бұл ішкі класқа:

- магниттік резонансты кескінді алуға арналған жабдық, ультрадыбыстық жабдық кардиостимуляторлар, есту аппараттары, электркардиографтар, электрмедициналық эндоскопиялық жабдық, радиацияға қарсы жабдықтар сияқты, 26.60.0 ішкі кластың сәулелендіруші, электрмедициналық және электртерапевтік жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

Бұл ішкі класқа:

- компьютерлер және перифериялық жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету, (95.11.0 қараңыз)

- компьютерлік проекторларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кірмейді, (95.11.0 қараңыз)

33.13.4 Оптикалық аспаптар мен фотографиялық жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- дүрбілер, микроскоптар (электронды және фотондық микроскоптарды қоспағанда), телескоптар, призмалар және линзалар (офтальмологиялықтарды қоспағанда), фотографиялық жабдықтар сияқты өнеркәсіптік мақсаттарда пайдалануға арналған 26.70 кластың оптикалық құралдары мен жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

Бұл ішкі класқа:

- фотокөшіру машиналарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кірмейді, (33.12.6 қараңыз)

### **33.14 Электр жабдығын жөндеу**

Осы класқа 27.5 топты (тұрмыстық тауарлар) қоспағанда, 27-бөлімде өндірісі жіктелген бұйымдарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді.

33.14.1 Электрқозғалтқыштар, генераторларды және трансформаторларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- күш, тарату трансформаторлары және арнайы мақсаттағы трансформаторларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету

- электрқозғалтқыштарды, генераторларды және генераторлық қондырғыларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

33.14.2 Электртарату және реттеу аппаратураларын жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- тарату қалқандары мен ажыратқыларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету

- реле және реттеу аппаратурасын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

33.14.3 Электр жарықтандыру жабдығын жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- электржарықтандыру жабдығын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

33.14.9 Басқа топтамаларға кірмеген, өзге де электр жабдықтарын жөндеу және және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- аккумуляторлар және бастапқы элементтердің батареяларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету

- электромонтаждық құрылғылардың электр тогын өткізетін және өткізбейтіндерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

Бұл ішкі класқа:

- компьютерлерді және шалғай компьютерлік жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету, (95.11.0 қараңыз)

- коммуникациялық жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету, (95.12.0 қараңыз)

- электрондық тұрмыстық техниканы жөндеу және техникалық қызмет көрсету, (95.21.0 қараңыз)

- қол сағаттары және сағаттың өзге де түрлерін жөндеу кірмейді, (95.25.1 қараңыз)

### **33.15 Кемелер мен қайықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету**

Осы класқа кемелер мен қайықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді. Бірақ зауыттық жаңғырту, кемелерді қалпына келтіру және күрделі жөндеу 30-бөлімде жіктеледі.

Бұл класқа:

- кемелерді зауыттық жаңғырту, қалпына келтіру, күрделі жөндеу, (30.1 қараңыз)

- кемелерге және қайықтарға арналған қозғалтқыштарды жөндеу, (33.12.1 қараңыз)

- кемелерді бөлектеу (бөлшектеу) кірмейді, (38.31.0 қараңыз)

33.15.1 Кемелерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- кемелерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

33.15.2 Спорттық және серуендеу қайықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- серуендеу қайықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

### **33.16 Әуе мен ғарыштық ұшу аппараттарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету**

33.16.0 Әуе мен ғарыштық ұшу аппараттарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

- әуе мен ғарыштық ұшу аппараттарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету (зауыттық жаңғыртуды, қалпына келтіру, күрделі жөндеуді қоспағанда)

- ұшу аппараттары қозғалтқыштарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді

Бұл ішкі класқа:

- ұшу аппараттарын зауыттық жаңғырту, қалпына келтіру және күрделі жөндеу кірмейді, (30.30 қараңыз)

### **33.17 Өзге де көлік құралдары мен жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету**

Осы класқа мотоциклдер мен велосипедтерді қоспағанда, 30-бөлімнің өзге де көлік құралдары мен жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді.

#### **33.17.1 Теміржолдардың жылжымалы құрамын жөндеу**

Бұл ішкі класқа:

- теміржол локомотивтері және жылжымалы құрамдарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету (зауыттық қайта құруды немесе күрделі жөндеуді қоспағанда) кіреді

Бұл ішкі класқа:

- теміржол локомотивтері мен жылжымалы құрамдарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету, (30.20.0 қараңыз)

- теміржолді жылжымалы құрамдарға арналған қозғалтқыштарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кірмейді, (33.12.1 қараңыз)

#### **33.17.2 Трамвайларды, метро вагондарын және троллейбустарды жөндеу**

33.17.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де көлік құралдары мен жабдықтарын жөндеу

Бұл ішкі класқа:

- жегін көлік құралдарын жөндеу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- әскери жауынгерлік көлік құралдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету, (30.40.0 қараңыз)

- саудаға арналған арбаларын жөндеу және техникалық қызмет көрсету, (33.11.9 қараңыз)

- мотоциклдерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету, (45.40.3 қараңыз)

- велосипедтерді жөндеу кірмейді, (95.29.6 қараңыз)

### **33.19 Өзге де жабдықтарды жөндеу**

#### **33.19.0 Өзге де жабдықтарды жөндеу**

Бұл ішкі класқа басқа топтамаларға енгізілмеген жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді.

Бұл ішкі класқа:

- торлауды қоса алғанда, балық аулау торларын жөндеу
- арқандар, құрал-саймандар, желкендер, брезенттер жөндеу
- тыңайтқыштар және химиялық құрамдарға арналған қаптарды жөндеу
- ағаш тегендер, ыдысқа арналған жәшіктер, бөшкелер және ұқсас бұйымдарды жөндеу немесе қалпына келтіру
- пинбол ойындарына арналған автоматтарды және тиынды түсіргеннен кейін жұмыс істейтін өзге де ойын автоматтарын жөндеу
- органдарды және өзге де көне музыкалық аспаптарды қалпына келтіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- үй және офис үшін жиһазды жөндеу, жиһазды қалпына келтіру, (95.24.0 қараңыз)
- велосипедтерді жөндеу, (95.29.6 қараңыз)
- киімді жөндеу және қайта түзеу кірмейді, (95.29.1-95.29.3 қараңыз)

### **33.2 Өнеркәсіптік машиналарды және жабдық монтажы, орнату**

#### **33.20 Өнеркәсіптік машиналарды және жабдық монтажы, орнату**

##### **33.20.0 Өнеркәсіптік машиналарды және жабдық монтажы, орнату**

Осы ішкі класқа іске қосуды реттеу жұмыстарын қосқанда, машиналар мен жабдықтардың арнайы орнатуы кіреді. Бірақ эскалаторларды, электр өткізгіштерді, сигнализация жүйелерін немесе ауаны кондициялау жүйелерін орнату сияқты ғимараттарда жабдықты орнату құрылыс болып жіктеледі.

Бұл ішкі класқа:

- өнеркәсіптік кәсіпорындарда өнеркәсіптік жабдықты орнату
- өндірістік процестерді басқару бойынша жабдықты жинау
- өзге де өнеркәсіптік жабдықтарды, соның ішінде: коммуникациялық жабдық; көпфункционалды және ұқсас компьютерлерді; рентгендік және электр медициналық жабдықтарды, энергиялық тиімді жабдықтарды, сондай-ақ жиілікті-реттемелі жетектерді және т.б. орнату
- өндірістік машиналарды және жабдықты бөлшектеу
- жалпы қолданыстағы жабдықтарды орнату
- өндірістік машиналар мен жабдықтарды арнайы тасымалдау
- боулингге арналған жабдықтарды орнату кіреді

Бұл ішкі класқа:

- лифтілерді, эскалаторларды, автоматтық есіктерді, ауа тазалау жүйелерін және т.б. орнату, (43.29.8 қараңыз)
- есіктерді, баспалдақтарды, дүкендерге арналған жабдықтарды және жиһазды және т.б. орнату, (43.32.0 қараңыз)
- дербес компьютерлерді орнату (баптау) кірмейді, (62.09.9 қараңыз)

### **D СЕКЦИЯСЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫМЕН, ГАЗБЕН, БУМЕН, ЫСТЫҚ СУМЕН ЖӘНЕ АУАНЫ КОНДИЦИЯЛАУМЕН ЖАБДЫҚТАУ**

Бұл секцияға тұрақты желілер-кабельдер, құбыр өткізгіштер, су құбырлары арқылы электр энергиясын, табиғи газды, буды, ыстық суды тарату байланысты қызмет кіреді.

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

Салынған желілер масштабтарында шешуші мән жоқ; сондай-ақ осы бөлімге өнеркәсіптік объектілерге және тұрғын үй массивтеріне электр энергиясын, газды, буды, ыстық суды және т.б. тарату кіреді.

Бұл секцияға электр энергиясымен газды беру, өндіру және жылу энергиясымен қамтамасыз ету (бумен, ыстық сумен) мен ауа кондициялау бойынша қызмет кіреді.

Бұл секцияға сумен жабдықтау жүйесінің және кәріз жүйесінің жұмысы кірмейді, (36, 37 қараңыз). Бұл секцияға сондай-ақ газды газ өткізгіштермен алыс жерлерге тасымалдау кірмейді.

### **35 Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен қамтамасыз ету**

#### **35.1 Электр энергиясын өндіру, беру және тарату**

Бұл топқа электр энергиясын өндіру, оны өндіру жерінен бастап тарату жүйелерге және бұдан әрі түпкілікті тұтынушыға дейін беру кіреді.

#### **35.11 Электр энергиясын өндіру**

Бұл класқа:

- жылу, ядролық, гидроэлектрлік және газ турбиналық, дизельдік станциялық және жаңғыртылатын көздерден электр энергиясын өндіру кіреді

Бұл класқа:

- қалдықтарды өрттеу арқылы электр энергиясын өндіру кірмейді, (38.21.0 қараңыз)

35.11.1 Жылу электр станцияларымен электр энергиясын өндіруі

35.11.2 Су электр станцияларымен электр энергиясын өндіруі

35.11.3 Ядролық (атомдық) электр станцияларымен электр энергиясын өндіруі

35.11.4 Жел электр станциялармен электр энергиясын өндіруі

35.11.5 Күн электр станциялармен электр энергиясын өндіруі

35.11.9 Өзге де электр станцияларымен электр энергиясын өндіруі

#### **35.12 Электр энергиясын жеткізу**

35.12.1 Электр энергиясын жеткізу

Бұл ішкі класқа:

- электр энергиясын өндіру орнынан тарату жүйелеріне жеткізу үшін жүйелердің жұмыс қабілеттілігін (пайдаланылуын) қамтамасыз ету кіреді

35.12.2 Электр энергиясын желіге жіберу және электр энергиясын тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, электр энергиясы өндірудің-тұтынуын баланстауды ұйымдастыру

Бұл ішкі класқа:

- электр энергиясын өндіру және тұтыну режимдерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару
- электр энергиясы өндірісі-тұтынуының тәуліктік графигін қалыптастыру
- электр энергиясы өндірісі-тұтынуының нақты баланстарын жасау
- Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясының теңгерімсіздіктерін табиғи және қаржылық реттеу кіреді

### 35.12.3 Ұлттық электр желісінің жабдықтарына пайдалану қызметін көрсету

Бұл ішкі класқа:

- жедел ауыстырып қосу кіретін Ұлттық электр желісінің жабдықтарына жедел қызмет көрсету
- техникалық қызмет көрсету, оған:
  - Ұлттық электр желісінің жабдықтарына кезеңдік және кезектен тыс тексерулер
  - қосалқы станциялар жабдықтары жұмысының режимдерін бақылау, электр жеткізу желілерінің құрылымдық элементтерінің жай-күйін бақылау
  - кішігірім зақымданулар мен жарамсыздықтарды жою бойынша жұмыстарының жекелеген түрлері, электр жеткізу желілерінің жекелеген элементтерін ауыстыру
  - Ұлттық электр желісі жабдығын алдын ала және кешенді сынақтан өткізу және өлшеу кіреді

35.12.4 Жүктеменің түсуіне электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету, электр қуатын реттеу және резервтеу

Бұл ішкі класқа:

- Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінде қуаттың көлемін, құрылымын, таратылуын және іске қосылуын және қуат резервтерін анықтау
- Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясы сапасы көрсеткіштерінің белгіленген стандарттарын және электр энергиясының стандарттық жиілігін қолдау кіреді

## 35.13 Электр энергиясын тарату

### 35.13.0 Электр энергиясын тарату

Бұл ішкі класқа:

- түпкілікті тұтынушыға тарату жүйелерінен электр станциялардың барлық түрлерінен өндірілген электр энергиясын жеткізетін тарату жүйелерінен (электр желілері, полюстерді, есептегіштерді және кабельдерді) жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету (пайдалану) кіреді

Бұл класқа:

- электр энергиясы шығынын есептейтін құралдардан көрсеткіштер алу кірмейді, (82.99.0 қараңыз)

## 35.14 Электр энергиясын сату

### 35.14.0 Электр энергиясын сату

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

Бұл ішкі класқа:

- тұтынушыларға, шартты тұтынушыларға, электр энергиясының көтерме саудада сату нарығы субъектілеріне, шектес елдердің энергетикалық жүйелері операторларына электр энергиясын сату

- басқа тұлғалардың басқаруындағы тарататын желілер арқылы электр энергиясын сату бойынша делдалдар немесе агенттердің қызметі

- электр энергиясының берілуін және электржеткізу желілерінің өткізу қабілеттілігін бақылау кіреді

### **35.2 Құбыржолдар бойынша газды тәрізді отын өндіру және тарату**

Бұл топқа газ өндіру және табиғи немесе жасанды газды тұтынушыға газ құбыры арқылы тарату кіреді. Басқа тұлғалардың басқаруындағы бөлу газ жүйелері арқылы табиғи газды сатуды ұйымдастыратын газды өткізгіш немесе делдалдық компаниялардың қызметі де осы топқа енгізілген.

Газ өндірушілерді тұтынушылармен жалғастыратын немесе қала орталықтарының арасында салынған алыс қашықтықтарға газды тасымалдау бөлігінде газ магистралды құбырларын пайдалануы бұл топқа енгізілмеген және газды тасымалдау жөніндегі қызметің басқа түрлеріне жатады.

#### **35.21 Газ тәрізді отын өндіру**

##### **35.21.0 Газ тәрізді отын өндіру**

Бұл ішкі класқа:

- көмірді газдандыру арқылы газбен жабдықтау үшін пайдаланылатын газ өндіру, газбен жабдықтау үшін ауыл шаруашылығы өнімдерінен немесе қалдықтардан жасанды газдар өндіру

- әр түрлі типті газдардан (табиғи газды қоса алғанда) оларды тазалау, араластыру, қайта газдандыру немесе өзге де процестер арқылы жанудың белгілі бір меншікті жылуымен газ тәрізді отын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- шикі табиғи газ өндіру, (06.20 қараңыз)

- кокс пештерін пайдалану, (19.10.0 қараңыз)

- тазартылған мұнай өнімдерін өндіру, (19.20.1 қараңыз)

- өнеркәсіптік газдар өндіру кірмейді, (20.11.0 қараңыз)

#### **35.22 Құбыржолдар бойынша газ тәрізді отынды тарату**

##### **35.22.0 Құбыржолдар бойынша газ тәрізді отынды тарату**

Бұл ішкі класқа:

- газбен жабдықтау желілері бойынша газ тәрізді отынның барлық түрлерін тарату және жеткізу

- газдың шығынын есепке алатын құралдарға техникалық қызмет көрсету кіреді

Бұл ішкі класқа:

- газдарды алыс қашықтықтарға газ құбырлары бойынша тасымалдау, (49.50.0 қараңыз)



- газдың шығынын есепке алатын құралдардан көрсеткіштер алу кірмейді, (82.99.0 қараңыз)

### **35.23 Газ тәрізді отынды құбыржолдар бойынша сату**

35.23.0 Газ тәрізді отынды құбыржолдар бойынша сату

Бұл ішкі класқа:

- газ тәрізді отынды тұтынушыларға құбырлар арқылы сату
- басқа тұлғалардың бақылауындағы газ бөлу жүйелері арқылы газ сату ұйымдастыруға қатысатын делдалдар мен агенттер қызметі
- газ тәрізді отынды тұтыну және тасымалдау кіреді

Бұл ішкі класқа:

- газ тәрізді отынның көтерме саудасы, (46.71 қараңыз)
- баллондағы сұйылтылған газдық бөлшек саудасы, (47.78.9 қараңыз)
- отынның тікелей (делдалсыз) саудасы кірмейді, (47.99 қараңыз)

### **35.3 Бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен қамтамасыз ету**

#### **35.30 Бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен қамтамасыз ету**

Бұл класқа:

- жылытуға, энергияны өндіру және басқа да мақсаттарға арналған бу және ыстық су өндіру, жинау және тарату кіреді

Бұл класқа:

- тұрғын ғимараттарда жылыту шығынын есептеудің тұрмыстық құралдарынан көрсеткіштерін алу кірмейді, (82.99.0 қараңыз)

35.30.1 Жылу желілерінің жылу энергиясын өндіру

35.30.2 Дербес қазандықтардың жылу энергиясын өндіру

35.30.3 Жылу энергиясын беру

Бұл ішкі класқа өндірілген жерінен тарату жүйелеріне дейін жылу энергиясын беру кіреді.

35.30.4 Ауаны кондициялау

Бұл ішкі класқа:

- салқындатылған ауаны өндіру және бөлу
- салқындату мақсатында салқындатылған суды өндіру және бөлу
- тамақ және тамақ емес мақсаттарға арналған (мысалы, салқындату) мұз өндіру кіреді

35.30.5 Жылу электр станцияларымен жылу энергиясын өндіру

35.30.6 Жылу энергиясын тарату

**Е СЕКЦИЯСЫ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ; ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖИНАУ, ӨНДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ, ЛАСТАНУДЫ ЖОЮ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ**

Бұл секцияға қатты немесе сұйық өнеркәсіптік немесе тұрмыстық қалдықтар сияқты қалдықтардың түрлі түрлерін жинау, өңдеу және жоюды ұйымдастырумен байланысты, сондай-ақ ластанған учаскелерден қалдықтарды жинау және жою қызметінің түрлері кіреді. Қалдықтарды өңдеу немесе ақаба суларды тазалау процесінің өнімдері не жойылады немесе басқа өндірістік процестерге шикізат ретінде алынуы мүмкін. Сумен қамтамасыз ету қызметі де осы секцияға енгізілген, өйткені алқабы тазалаумен суларды тазалаумен бірге осындай айналысатын кәсіпорындар бірге жүзеге асырылады.

**36 Суды жинау, өңдеу және тарату**

**36.0 Суды жинау, өңдеу және тарату**

**36.00 Суды жинау, өңдеу және тарату**

Осы класқа су жинау, өңдеу және тұрмыстық пен өнеркәсіптік қажеттіліктер үшін тарату, сондай-ақ суды әр түрлі көздерден жинау және түрлі тәсілдермен тарату қызметі кіреді.

Суару арналарын пайдалануда осы класқа енгізілген; бірақ жаңбырлатқыш жүйелері арқылы суару немесе құю бойынша көрсетілетін қызметтер және осы сияқты қосалқы ауылшаруашылығы көрсетілетін қызметтерін көрсету бұл класқа енгізілмеген.

**36.00.0 Суды жинау, өңдеу және тарату**

Бұл ішкі класқа:

- өзендерден, көлдерден, ұңғымалардан және басқа көздерден су жинау
- жаңбыр суын жинау
- сумен жабдықтау үшін суды тазарту
- өнеркәсіптік және өзге де мақсаттарға суды өңдеу
- теңіз суын немесе негізгі өнім ретінде тұщы су алу үшін грунттық суларды тұщыландыру
- суды су құбырлары, көлік және өзге де құралдармен тарату
- суару арналарын пайдалану
- су өтінім есептеу құралдарына техникалық қызмет көрсету кіреді

Бұл ішкі класқа:

- ауылшаруашылық мақсаттарына арналған суару жабдығын пайдалану, (01.61.2 қараңыз)
- тек қана қоршаған ортаның ластануын алдын алу мақсатында, ақаба суларды тазарту, (37.00.0 қараңыз)
- су өтінім есептеу құралдарын орнату (43.22.0 қараңыз)
- суды алыс жерлерге құбыржолдар арқылы тасымалдау, (49.50.0 қараңыз)
- өтінім есептеу құралдарынан көрсеткіштер алу кірмейді, (82.99.0 қараңыз)

**37 Ақаба суларды жинау және өңдеу**

Бұл бөлімге ақаба суларды жинау, өңдеу, және ағызуды жүзеге асыратын кәріздік жүйелер және кәріздік тазалау имараттарын пайдалану кіреді.

**37.0 Ақаба суларды жинау және өңдеу****37.00 Ақаба суларды жинау және өңдеу****37.00.0 Ақаба суларды жинау және өңдеу**

Бұл ішкі класқа:

- кәріздік жүйелер және кәріздік тазалау имараттарын пайдалану
- бір немесе бірнеше рет пайдаланылған тұрмыстық немесе өнеркәсіптік ақаба суларды, сондай-ақ кәріздік жүйе, коллекторлар, резервуарлар және тасымалдаудың өзге де құралдары (ақаба суларды жинауға арналған көлік құралдары және т.б.) арқылы жауын суын жинау және бұру
- қазылған шұңқырлар және септикалық тұндырғылар, ақаба сулардың төгенділері мен құдықтарын тазалау және босату, химиялық зарарсыздандыруымен әжетханаларға қызмет көрсету
- химикаттар қосу, сүзу, сұйылту, елеу және т.б. сияқты механикалық, химиялық және биологиялық өңдеулердің көмегімен ақаба суларды (тұрмыстық және өнеркәсіптік ақаба суларды, жүзу бассейндерінен ақабалар және т.б. қоса алғанда) тазалау
- кәріздік құбырларды икемді сырықтармен тазалауды қоса алғанда, кәріздік жүйелерін және суағарларды тазалау және техникалық қызмет көрсету кіреді

Бұл ішкі класқа:

- ластану орындарында жоғары қабаттағы грунттық суларды дезинфекциялау, (39.00.0 қараңыз)
- ғимараттардағы кәріздік және суағарлық құбырларды тазалау және тесу кірмейді, (43.22.0 қараңыз)

**38 Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру)**

Бұл бөлімге қалдықтарды жинау, өңдеу және жою кіреді, сондай-ақ қалдықтарды жергілікті тасымалдау және қайталама шикізат өндірісі бойынша қондырғыларды пайдалану кіреді.

**38.1 Қалдықтарды жинау**

Бұл топқа қоқыс кәреңкелерден және жәшіктерден, дөңгелектері бар контейнерлер, бактардан, сыйымдылықтардан және т.б. тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтарды жинау кіреді. Бұл топқа қауіпсіз және қауіпті қалдықтарды, мысалы, тұрмыстық қалдықтарды, пайдаланылған батарейлерді, пайдаланылған тұрмыстық майларды, пайдаланылған мотор және машина майлары, құрылыстан және бұзудан шыққан қалдықтарды жинау кіреді.

**38.11 Қауіпсіз қалдықтарды жинау****38.11.0 Қауіпсіз қалдықтарды жинау**

Бұл ішкі класқа:

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

- қауіпсіз қатты тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтарды оларды уақытша сақтау орындарынан: қайталама материалдық ресурстар болуы мүмкін қоқыс кәрзеңкелері мен жәшіктер, дөңгелектері бар контейнерлері, бактар, сыйымдылықтар және т.б. жинау
- қайтадан пайдалану үшін жарамды материалдарды (қайталама шикізат) жинау
- қоғамдық орындардағы қоқыс урналарын қоқыстар жинау кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- құрылыс қалдықтарын және ғимараттарды бұзудан кейін қалдықтарды жинау
- қылауыштар және өзге де құрылыс қоқыстары сияқты құрылыс қалдықтарын жинау және жою
- тоқыма бұйымдарын шығарудан қалған қалдықтарды жинау
- қалдықтарды қауіпсіз қалдықтарға арналған қайта өңдеу орындарына тасымалдау бойынша құралдардың қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- қауіпті қалдықтарды жинау, (38.12.0 қараңыз)
- қауіпсіз қалдықтарды жоюға арналған қалдықтарды көмуге арналған объектілерін пайдалану, (38.21.0 қараңыз)
- қағаз, пластмасса және т.б. сияқты материалдарды белгілі бір санаттарға сұрыптау үшін объектілерді пайдалану кірмейді, (38.32 қараңыз)

### **38.12 Қауіпті қалдықтарды жинау**

#### **38.12.0 Қауіпті қалдықтарды жинау**

Бұл ішкі класқа жарылатын, тотығатын, өртенетін, уытты, радиациялық, канцерогенді, коррозиялық, жұқпалы және адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды өзге де заттар сияқты, сонымен қатар олар сәйкестендіруден, өңдеуден, буып-түюден өте алатын, сондай-ақ тасымалдау мақсатымен затбелгілер жапсырылатын қатты және сұйық қауіпті қалдықтарды жинау кіреді.

Бұл ішкі класқа:

- пайдаланылған мотор немесе машина майы, қауіпті биологиялық, радиоактивті (ядролық) қалдықтар, пайдаланылған батареяларды және т.б. сияқты қауіпті қалдықтарды жинау жинау
- қауіпті қалдықтарды тасымалдау станциялар қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- зақымданған ғимараттарды, құрылыс алаңдарын, топырақты, жер асты суларын өңдеу және тазалау, мысалы асбестті жою кірмейді, (39.00.0 қараңыз)

### **38.2 Қалдықтарды өңдеу және жою**

Бұл топқа қалдықтарды жою және одан кейін оны органикалық қалдықтарды өңдеу сияқты түрлі әдістермен қалдықтардың әртүрлі түрлерін өңдеу; аурумен зақымданған тірі немесе өлі малдар және өзге де зақымданған қалдықтарды өңдеу және жою; ауруханалардан радиоактивтік қалдықтарды және т.б.; қоқысты көму, батыру және жерге көму; тоназытқыштар сияқты тұтыну қасиетінен айырылған техникадан қауіпті қалдықтарды алу; жағу арқылы қалдықтарды кіреді. Электр энергиясын өндірумен қалдықтарды өрттеуде қосылады.

Бұл топқа:

- ақаба суларды өңдеу және жою, (37.00.0 қараңыз)

- материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру) кірмейді, (38.3 қараңыз)

### **38.21 Қауіпсіз қалдықтарды өңдеу және жою**

#### **38.21.0 Қауіпсіз қалдықтарды өңдеу және жою**

Бұл ішкі класқа қатты немесе сұйық қауіпсіз қалдықтарды жою және оның алдындағы өңдеу:

- қауіпсіз қалдықтарды жою үшін қалдықтарды көму объектілерін пайдалану
- электр энергиясын немесе буды, компосты, отынды алмастырушы, биогаз, күлді және өзге де жанама өнімдерді әрі қарай пайдалану немесе осындай өндіріссіз қауіпсіз қалдықтарды жағу немесе өзге де әдістермен жою
- оларды көму үшін органикалық қалдықтарды өңдеу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- қауіпті қалдықтарды жағу, (38.22.0 қараңыз)
- қағаз, пластмасса, сусындарға арналған банкілер және т.б. материалдарды белгілі бір санаттарға сұрыптау үшін объектілерді пайдалану, (38.32 қараңыз)
- топырақты, суды тазалау, зарарсыздандыру; уытты материалдардың әсерін азайту кірмейді, (39.00.0 қараңыз)

### **38.22 Қауіпті қалдықтарды өңдеу және жою**

#### **38.22.0 Қауіпті қалдықтарды өңдеу және жою**

Осы ішкі класқа жарылатын, тотығатын, тұтанғыш, уытты, радиациялық, канцерогенді, коррозиялық, жұқпалы және адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды өзге де заттар мен препараттар сияқты қатты және сұйық қауіпті қалдықтарды жою және оның алдындағы өңдеу кіреді.

Бұл ішкі класқа:

- қауіпті қалдықтарды өңдейтін объектілердің қызметі
- аурумен зақымданған тірі немесе өлі жануарлардың және басқа зақымданған қалдықтарды өңдеу және жою
- қауіпті қалдықтарды жағу
- тоңазытқыш сияқты тұтыну қасиеттері жоғалған техникадан қауіпті қалдықтарды алу
- тасымалдау кезінде жартылай бұзылған, яғни ыдыраған, соның ішінде ауруханалардан, радиоактивтік ядролық қалдықтарды сақтауға арналған ядролық қалдықтарды ораудың, дайындаудың және өңдеудің өзге де түрлері кіреді

Бұл ішкі класқа:

- ядролық отынды қайта өңдеу, (20.13.0 қараңыз)
- қауіпсіз қалдықтарды жағу, (38.21.0 қараңыз)
- топырақты, суды тазалау, зарарсыздандыру; уытты материалдардың әсерін азайту кірмейді, (39.00.0 қараңыз)

### **38.3 Материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру)**

#### **38.31 Қалпына келтіруге жатпайтын, машиналар және жабдықтарды бөлшектеу**

##### **38.31.0 Қалпына келтіруге жатпайтын, машиналар және жабдықтарды бөлшектеу**

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

Бұл ішкі класқа апаттың кез келген түрінен кейін қайталама шикізатты алу мақсатымен машиналар және жабдықтарды (автомобильдер, кемелер, компьютерлер, теледидарлар және өзге де жабдықтар) бөлшектеу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- тоңазытқыш сияқты тұтыну қасиеттері жоғалған техникадан қауіпті қалдықтарды алу (38.22.0 қараңыз)
Баспа қызметіне ұстауға (ақпараттық өнімдер) авторлық құқық алуды және оларды ұдайы өндіруге (немесе ұйымдастыру) және аталған өнімді түрлі түрлерінде тарату арқылы кең көпшілікке жариялау кіреді. Осы бөлімге сондай-ақ қызметке кинофильмдерді шығарудан басқа, баспагерлік қызметтің барлық мүмкін түрлері (баспа, электронды немесе дыбыс түрде, Интернет желісі бойынша, компакт-дискілердегі анықтамалықтарды және т.б. жұмыс жөніндегі анықтамалықтар сияқты мультимедиялық өнімдер түрінде) кіргізілген.

Аталған бөлімге кинофильмдер, бейнетаспаларда және DVD-дискілерде немесе ұқсас таратушыларда (59-бөлімі) фильмдер шығару және төлтума дыбыс мастер-жазбаларын өндіру (59-бөлімі) кірмейді. Сондай-ақ аталған бөлімге баспа қызметі (18.11.0, 18.12.0 қараңыз) және жаппай жазылған ақпарат тасымалдағыштарды жаңғырту (18.20 қараңыз) жатпайды.

### **58.1 Кітаптар, мерзімдік басылымдар жариялау және баспа қызметінің басқа түрлері**

Аталған топқа кітаптар, газет, журналдар және басқа да мерзімдік басылымдар, анықтамалықтар, мекенжайдық тізімі мен басқа өнімдер, сондай-ақ фотографиялар, гравюрлер, почталық ашықхаттар, күнтізбелер, бланкілер, плакаттар және көркем өнімдерін репродукцияларын басып шығару кіреді. Бұл жұмыстар, әдетте, авторлық құқықтармен қорғалған, оларды шығару үшін интеллектуалды және шығармашылық потенциал қажет болған үшін оның сипаттамалық ерекшелігі болып табылады.

#### **58.11 Кітап шығару**

##### **58.11.0 Кітап шығару**

Бұл ішкі класқа баспа және электронды түрде (компакт-дискілер, электронды тасушылар және т.б.) немесе аудиоформатта немесе Интернет желіде кітаптарды шығарумен байланысты қызмет кіреді.

Аталған ішкі класқа сондай-ақ:

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

- сөздіктер мен энциклопедиялар шығаруды қоса алғанда, кітаптар, брошюралар, буклеттер және осыларға ұқсас баспа өнімдерін шығару

- атластар, карталар және сызбаларды шығару
- аудио-кітаптар шығару
- энциклопедиялар және ұқсас баспаларды копмакт-дискілерде (CD-ROM) шығару

кіреді

Бұл ішкі класқа:

- глобустар өндіру, (32.99.9 қараңыз)
- жарнама материалдарын шығару, (58.19.0 қараңыз)
- музыкалық партитуралар және ноталарды шығару, (59.20.0 қараңыз)
- тәуелсіз авторлар қызметі кірмейді, (90.03.0 қараңыз)

### **58.12 Анықтамалықтар және мекенжайлық тізімдерді шығару**

#### **58.12.0 Анықтамалықтар және мекенжайлық тізімдерді шығару**

Бұл ішкі класқа мазмұны бойынша емес, олардың формасы бойынша қорғалған құқықтармен (деректер базасы) таратылатын және ақпараттық тізімдерін шығару кіреді. Мұндай тізімдер басылған түрде, сондай-ақ электронды түрде шығарылуы мүмкін.

Бұл ішкі класқа:

- мекенжай тізімдерін шығару
- телефон анықтамалықтарын шығару
- құқықтық, медициналық және т.б. сияқты өзге де анықтамалықтарды шығару

кіреді

### **58.13 Газет шығару**

#### **58.13.0 Газет шығару**

Бұл ішкі класқа кем дегенде аптасына төрт рет шығарылатын жарнама басылымдарын қоса алғанда, газет шығару кіреді. Жарияланым басылған түрінде де, Интернет желісінде шығарылуын қоса алғанда, сондай-ақ электронды түрде орындалуы мүмкін.

Бұл ішкі класқа:

- ақпараттық агенттіктерінің қызметі кірмейді, (63.91.0 қараңыз)

### **58.14 Журналдар мен мерзімдік басылымдарды шығару**

#### **58.14.0 Журналдар мен мерзімдік басылымдарды шығару**

Бұл ішкі класқа аптасына төрт реттен сирек шығатын мерзімдік басылымдар мен журналдарды шығару кіреді. Басылым Интернет желісіндегі басылымды қоса алғанда, басылған түрде, сондай-ақ электронды түрде орындалуы мүмкін. Радио және телехабарлар бағдарламаларын шығару да осы ішкі класқа жатады.

### **58.19 Баспа қызметінің өзге түрлері**

#### **58.19.0 Баспа қызметінің өзге түрлері**

Бұл ішкі класқа:

- каталогтар, фотолар, гравюралар, пошта ашықхаттары, құттықтау ашықхаты, бланкілер, плакаттар, көркем репродукциялары, жарнамалық материалдар, өзге де баспа өнімдерін шығару (оның ішінде онлайн режимінде)
- статистикалық және басқа ақпараттарды онлайн режимінде шығару кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жарнамалық газеттерді шығару, (58.13.0 қараңыз)
- онлайн режимде бағдарламалық қамтамасыз етуді ұсыну (қосымшаларды сервистік қолдау құралдарын ұсыну және қосымшаларды орналастыру) кірмейді, (63.11 қараңыз)

## **58.2 Бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару**

### **58.21 Компьютерлік ойындарды шығару**

#### 58.21.0 Компьютерлік ойындарды шығару

Бұл ішкі класқа:

- кез келген платформаларға арналған компьютерлік ойындарды шығару кіреді

### **58.29 Өзге де бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару**

#### 58.29.0 Өзге де бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару

Бұл ішкі класқа:

- операциялық жүйелер; бизнес және өзге де қосымшаларды жалпы пайдалануға арналған өз есебінен белгілі бір нарық үшін жүйелік емес бағдарламалық қамтамасыз етуді аудару немесе бейімдеуді қоса алғанда дайын (жеке пайдаланушыларға бейімделмеген) бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару кіреді

Бұл ішкі класқа:

- бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғырту, (18.20.3 қараңыз)
- жалпы пайдалануға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді бөлшек саудада сату, (47.41 қараңыз)
- сыйақы немесе келісім-шарт негізінде белгілі бір нарықты жүйелік емес жалпы пайдалануға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді аудару немесе бейімдеуді қоса алғанда, шығарумен байланысты емес бағдарламалық қамтамасыз етуді өндіру, (62.01.1 қараңыз)
- онлайн режимінде бағдарламалық қамтамасыз етуді ұсыну (қосымшаларды сервистік қолдау құралдарын ұсыну және қосымшаларды орналастыру) кірмейді, (63.11 қараңыз)

## **59 Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар, дыбыс жазбалар және музыкалық шығармаларды шығару саласындағы қызмет**

Аталған бөлімге кинофильмдерді бейнепленкада, бейнетаспаларда немесе дискілерде кинотеатрларда көрсету үшін немесе теледидардан тарату үшін шығару; кинофильмдерді монтаждау, редакциялау, дубляждау және т.б. сияқты шығаруға ықпал ететін қызмет; кинофильмдер және басқа киноөнімдерді кинотеатрларда немесе

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

теледидарда көрсетуге арналған тарату; сонымен қатар басқа киноөнімдерді және кинофильмдерді көрсету кіреді. Бөлімге сондай-ақ кинофильмдерді және басқа киноөнімдерді тарату авторлық құқықтарды сату және сатып алу кіреді.

Аталған бөлімге сондай-ақ дыбыс жазу саласындағы қызметі, яғни төлума жазбаларды әзірлеу, оларды шығару, жарнамасын және тарату, студияларда және басқа жерлерде музыкалық және басқа аудиожазбаларды шығару кіреді.

### **59.1 Кино-, бейнефильмдер және теледидар бағдарламаларын өндіру жөніндегі қызмет**

Аталған топқа кинофильмдерді кинотеатрларда немесе теледидардан көрсетуге арналған сандық таратуды қоса, кинопленада, бейнетаспаларда, DVD дискілерде және басқа жеткізгіштерде өндіру; кинофильмдерді монтаждау, редакциялау, дубляждау және т.б. сияқты шығаруға ықпал ететін қызмет; кинофильмдер және басқа киноөнімдерді (бейнетаспалар, DVD дискілер және т.б.) кинотеатрларда немесе теледидарда көрсетуге арналған тарату; сондай-ақ кинофильмдер мен басқа киноөнімдерді көрсету кіреді.

Аталған топқа сондай-ақ кинофильмдерді және басқа киноөнімдерді тарату авторлық құқықтарды сату және сатып алу кіреді.

#### **59.11 Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламаларды шығару бойынша қызмет**

59.11.0 Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламаларды шығару бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа:

- кино, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар (телесериалдар, деректі фильмдер және т.б.) немесе тележарнамалар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- фильмдердің көшірмесін жасау (кинотеатрда көрсету үшін кинофильмдерді қайта шығарудан басқа), сондай-ақ төлума матрицадан (көшірме-мастері) аудио- және бейнежазбаларды, CD немесе DVD компакт-дискілерді тираждау, (18.20 қараңыз)

- жазылған бейнетаспаларды, CD, DVD дискілерді көтерме саудада сату, (46.43.2 қараңыз)

- таза бейнетаспалар мен жазбасыз CD дискілерді көтерме саудада сату, (46.52.0 қараңыз)

- бейнетаспаларды, CD, DVD дискілерді бөлшек саудада сату, (47.63 қараңыз)

- кино-, бейнефильмдерді және телевизиялық бағдарламаларды аяқтау қызметі, (59.12.0 қараңыз)

- дыбыстық жазбалар және пленкаға кітап жазу, (59.20.0 қараңыз)

- телехабарлар тарату, (60.20.0 қараңыз)

- теледидар арналарының толық бағдарламалық торын жасау, (60.20.0 қараңыз)

- кино өндірісінде қолданылатыннан басқа пленкаларды өңдеу, (74.20.0 қараңыз)

- жеке театр немесе әртістік агенттер немесе агенттіктер қызметі, (74.90.9 қараңыз)

- бейнетаспаларды, тұтынушылардың кең көлемі үшін DVD дискілерді жалға беру, (77.22.0 қараңыз)

- тікелей тарату кезінде теледидар көріністерін, кездесулер, отырыстар, конференциялар және т.б. трансляциялаумен нақты уақыт режимінде (яғни бір мезгілде) кадрлар арасына субтитрлерді енгізу, (82.99.0 қараңыз)

- актерлер, суретші-мультипликаторлар, режиссерлер, сахнаны қоюшы және техникалық мамандар қызметі кірмейді, (90.0 қараңыз)

### **59.12 Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламаларын аяқтау қызметі**

#### 59.12.0 Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламаларын аяқтау қызметі

Бұл ішкі класқа кино-, бейнефильмдерді және теледидар бағдарламаларын аяқтау қызметі кіреді, яғни монтаждау, фильмді/пленканы аудару (ауыстыру), титрлерді басу, субтитрлер, қатысушылар тізімін жасау, жасырын субтитрлерді жасау, компьютерлік графика, анимация және арнайы эффектілер енгізу, кинофильм жасау және өңдеу, сондай-ақ кинозертханалар мен мультипликациялық фильмдерге арналған арнайы зертханалар қызметі кіреді.

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- жазылған пленкаларды сақтайтын фильмотекалардың қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- фильмдерді көшіру (кинотеатрда көрсету үшін кинофильмдерді қайта шығарудан басқа), сондай-ақ төлтума матрицадан (көшірме-мастері) аудио- және бейнежазбаларды, CD немесе DVD компакт-дискілерді тираждау, (18.20 қараңыз)

- жазылған бейнетаспаларды, CD, DVD дискілерді көтерме саудада сату, (46.43.2 қараңыз)

- таза бейнетаспалар мен CD дискілерді көтерме саудада сату, (46.52.0 қараңыз)

- жазылған бейнетаспаларды, CD, DVD дискілерді бөлшек саудада сату, (47.63 қараңыз)

- кино өндірісінде қолданылатыннан басқа пленкаларды өңдеу, (74.20.0 қараңыз)

- бейнетаспаларды, тұтынушылардың кең көлемі үшін DVD дискілерді жалға беру, (77.22.0 қараңыз)

- актерлер, суретші-мультипликаторлар, режиссерлер, сахнаны қоюшы және техникалық мамандар қызметі кірмейді, (90.0 қараңыз)

### **59.13 Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар тарату бойынша қызмет**

#### 59.13.0 Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар тарату бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа:

- фильмдер, бейнетаспалар, DVD дискілерді және осыған ұқсас өнімді кинотеатрларда, теледидар желілерінде, сондай-ақ көрмелерде көрсету үшін тарату кіреді

Бұл класқа сондай-ақ фильмдерді, бейнетаспаларды және DVD дискілерді таратуға берілген құқықтарын сатып алу және сату кіреді.

Бұл ішкі класқа:

- фильмдерді көшіру, сондай-ақ төлтума матрицадан (көшірме-мастері) аудио- және бейнежазбаларды, CD немесе DVD компакт-дискілерді тираждау, (18.20 қараңыз)

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

- жазылған бейнетаспаларды, CD, DVD дискілерді көтерме саудада сату, (46.43.2 қараңыз)

- жазылған бейнетаспаларды, CD, DVD дискілерді бөлшек саудада сату кірмейді, (47.63 қараңыз)

### **59.14 Кинофильмдерді көрсету бойынша қызмет**

#### **59.14.0 Кинофильмдерді көрсету бойынша қызмет**

Бұл ішкі класқа:

- кино- немесе бейнефильмдерді кинотеатрларда, ашық алаңдарда немесе кинофильмдер және бейнежазбаларды көрсетуге арналған басқа жерлерде көрсету

- киноклубтар қызметі кіреді

### **59.2 Дыбыс жазбалары және музыкалық шығармаларды шығару саласындағы қызмет**

#### **59.20 Дыбыс жазбалары және музыкалық шығармаларды шығару саласындағы қызмет**

##### **59.20.0 Дыбыс жазбалары және музыкалық шығармаларды шығару саласындағы қызмет**

Бұл ішкі класқа жазбалардың төлтума немесе дыбыс материалдары кассета, CD дискілер, сияқты тасымалдаушылармен өндіру; оларды шығару, жарнамалау, көтерме және бөлшек сауда кәсіпорындар немесе тікелей тұтынушыларға тарату кіреді. Аталған қызмет сол кәсіпорынмен мастер-жазбаларды әзірлеу қызметімен біріктіріле алады. Егер біріктіріле алмаса, онда кәсіпорын мұндай қызметті жүзеге асыратын бөлімше соған сәйкес мастер-жазбаларды көшіріп алу және тарату құқығын сатып алуға тиіс.

Бұл ішкі класқа сондай-ақ жазылған (яғни тікелей эфирде таратылмайтын) радиобағдарламаларын өндіру қоса, студияларда және басқа жерлерде дыбыс жазу қызметі де кіреді.

Бұл ішкі класқа сондай-ақ музыкалық шығармаларды шығарумен байланысты қызмет кіреді, яғни музыкалық шығармаларға авторлық құқық сатып алу және тіркеу, олардың жарнамасын, рұқсаттамаларды беру және жазбадағы музыкалық композициялар деректерін авторландыру және радиоға, теледидарға, кинофильмдерге, концерттерде, спектакльдерде, баспа түрінде және басқа жеткізгіштерде пайдалану кіреді. Аталған қызметтегі кәсіпорындар авторлық құқықты иелене алады немесе авторлық құқық иелері атынан музыкалық құқықтар әкімгері ролінде әрекет ете алады. Музыкалық партитуралар және ноталарды шығару да бұл ішкі класқа жатқызылады.

### **60 Бағдарлама және теле-радио хабарлама жасау жөніндегі қызмет**

Аталған бөлімге радио-, телебағдарламалар, сонымен қатар ақпараттық және ойын-сауық бағдарламалары, сондай-ақ жаңалықтар, ток-шоулар және т.б. сияқты бағдарламаларды тарату, ұстау және одан әрі көрсету құқығы немесе сатып алу қызметі кіреді. Аталған бөлімге сондай-ақ әдетте телерадиохабарлармен таратуға біріктірілген деректерді беру кіреді. Телерадиохабарларын түрлі технологиялар көмегімен тарату: эфирде тарату арқылы, спутниктік тарату, кабельдік желілер немесе Интернет желісі арқылы жүзеге асырыла алады.



Аталған бөлімге сондай-ақ белгілі бір аудиторияға арналған тарату мақсатымен, жазылу немесе төлемдер негізінде, әдетте, үшінші тұлғалар арқылы тапсырыстық телехабарлар (ақпараттық, спорт, білім және жастар бағдарламалары сияқты шектелген форматтағы) үшін жасалатын бағдарламалар өндіру кіреді.

Аталған бөлімге жазылу бойынша көрсетілетін кабельдік және басқа бағдарламаларды тарату кірмейді, (61-бөлімді қараңыз).

## **60.1 Радиохабарлар**

### **60.10 Радиохабарлар**

#### **60.10.0 Радиохабарлар**

Бұл ішкі класқа:

- радиохабарларды тарату студиялары арқылы және халыққа, радиотүйіндерге немесе абоненттерге дыбыстық бағдарламаларды трансляциялық жабдықтардың көмегімен аудиодабылдарды трансляциялауға байланысты қызмет кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- радиожелілер қызметі, яғни эфир, спутниктік және кабельдік арналар арқылы дыбыстық бағдарламаларды жинау және радиотүйіндерге немесе абоненттерге беру  
- Интернет арқылы берілетін радиохабарлар қызметі (Интернет-радиостанциялар)  
- радиохабарлар арқылы деректер беру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жазылған радиобағдарламаларды өндіру кірмейді, (59.20.0 қараңыз)

## **60.2 Телевизиялық бағдарламаларын жасау және тарату қызметі**

### **60.20 Телевизиялық бағдарламаларын жасау және тарату қызметі**

#### **60.20.0 Телевизиялық бағдарламаларын жасау және тарату қызметі**

Бұл ішкі класқа сатып алынған бағдарлама элементтерінен теледидар арнасының толық бағдарламалық торды (мысалы, көркем немесе деректі фильмдер және т.б.), өздері шығарған бағдарламалық элементтер (мысалы, жергілікті жаңалықтар, тікелей эфирдегі репортаждар) немесе оларды құрамдастыру кіреді.

Осы теледидар арнасының толық бағдарламалық торы өндіруші арқылы таратылады, не кабельдік немесе спутниктік телехабарлар қызметтерін ұсынатын компаниялар сияқты компанияларға одан әрі таратуы үшін үшінші тараптарға беру мақсатымен шығарылады.

Бағдарламалар кең немесе шағын аудиторияға таратылуы мүмкін (мысалы, ақпараттық, спорт, білім және жастарға арналған хабарлары сияқты шектелген форматтағы бағдарламалар). Осы ішкі класқа пайдаланушылар тегін қол жеткізе алатын бағдарламаларды, сондай-ақ тек жазылу негізінде ғана қол жеткізуге болатын бағдарламаларды жасау кіреді. Сұрату бойынша видео қызметтерін көрсететін арналар қызметі аталған ішкі класқа жатады.

Бұл ішкі класқа сондай-ақ телехабарлар арқылы деректер беру кіреді.

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

Бұл ішкі класқа:

- хабарлаумен байланысты емес, телебағдарламалар элементтерін өндіру (көркем және деректі фильмдер, ток-шоу, жарнама және т.б.), (59.11.0 қараңыз)
- арналардың толық кешенін біріктіру және мұндай кешенді бағдарламалар жасамай-ақ тарату кірмейді, (61 қараңыз)

### **61 Телекоммуникациялар**

Аталған бөлімге телекоммуникациялық және дауыс ақапаратын, мәтіндік, дыбыстық сигналдарды немесе бейнелерді қабылдау және жіберу сияқты басқа да ілеспе қызметтер ұсыну қызметі кіреді. Осындай қызмет жүзеге асырылатын жабдықтар бір технология негізінде де, бірнеше технологияны құрамдастыру негізінде де жұмыс істей алады. Аталған бөлімде берілген қызмет түрлерінің жалпылығы оларды құру процесінсіз мазмұнды бөлігін беруден тұрады. Аталған бөлімде топтарға бөлу іске тартылған инфрақұрылым типіне негізделген.

Теледидар сигналдары берілген жағдайда, бұған таратуға арналған бағдарламалық пакеттегі арналардың толық жинағын біріктіру кіре алады (60-бөлімде өндірілген).

#### **61.1 Сымды телекоммуникациялық байланыс**

##### **61.10 Сымды телекоммуникациялық байланыс**

Бұл класқа сымды телекоммуникациялық инфрақұрылымын пайдалану арқылы дауыстық, мәтіндік, дыбыстық немесе бейнедеректерді беретін құрылғаларға рұқсат беру немесе техникалық қызмет көрсету, пайдалану кіреді:

1) жерүсті байланыс желілері, радиотолқындар немесе жерүсті және спутниктік қосылыстарды үйлестіру арқылы байланысты ретпен қамтамасыз ету мақсатымен коммутациялық-тарату жабдықтарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету

2) кабельдік теледидар жүйелерін пайдалану (мысалы, деректер мен теледидар сигналдарын беру үшін)

3) өз құрал-жабдықтарын қолданғанда телеграфтық және басқа дауыстық емес байланыс жүйелерін қамтамсыз ету.

Осындай қызметті жүзеге асыратын жабдықтар көмегімен бір технология негізінде және бірнеше технологияның біріктірілуі негізінде де жұмыс істей алады.

Аталған класқа сондай-ақ:

- тораптар иелері мен операторларынан құқықтарын және тораптар сыйымдылығын алу, сондай-ақ осы қуаттылықтарды кәсіптік және тұрмыстық мақсаттарда пайдаланумен телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну

- сымды байланыстың операторымен Интернет желісіне кіру рұқсатын беру кіреді

Бұл класқа:

- телекоммуникациялық қызметтерді қайта сату кірмейді, (61.90.9 қараңыз)

61.10.1 Бірыңғай көлік ортасы арқылы мемлекеттік органдар үшін сымдық телекоммуникациялық байланыс

Бұл ішкі класқа:

- мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының инфрақұрылымының дауыстық, мәтіндік, дыбыстық немесе бейне деректерін беретін құрылғыны

пайдаланумен, техникалық қызмет көрсетумен немесе қолжетімділік берумен байланысты қызметті

- мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің ақпараттық-коммуникациялық желілерін интеграциялау
- мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасын жобалау, құру және дамыту
- мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасын әкімшілендіруді және сервистік қолдауды, мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық іс-шаралар мен аппараттық-бағдарламалық құралдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету
- ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық органдарын мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына және әлемдік ақпараттық ресурстарға қосуды
- ведомствоаралық ақпараттық жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына қосылған жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық органдарына байланыс қызметін көрсету
- мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының байланыс арналарын қорғауды ұйымдастыру кіреді

61.10.9 Өзге де сымдық телекоммуникациялық байланыс

## **61.2 Сымсыз телекоммуникациялық байланыс**

### **61.20 Сымсыз телекоммуникациялық байланыс**

Бұл класқа:

- сымсыз телекоммуникациялық инфрақұрылымды пайдаланумен дауыстық, мәтіндік, дыбыстық немесе бейнедеректерді беретін құрылғыларға рұқсат беру немесе техникалық қызмет көрсетумен, пайдаланумен байланысты қызмет

- пейджинг және ұялы байланыс және басқа сымсыз телекоммуникациялық желілерді пайдалану және техникалық қызмет көрсету қызметі кіреді

Аталған жабдық радио- және теледидар арналары арқылы хабар таратуды қамтамасыз етеді және ол бір технология негізінде де, бірнеше технологияның қосылған негізінде де жұмыс істей алады.

Бұл класқа сонымен қатар:

- желілер иелері мен операторларынан құқықтары және тораптар сыйымдылығын алу, сондай-ақ осы қуаттылықтарды өндірістік және тұрмыстық мақсаттармен пайдалана отырып сымсыз телекоммуникациялық қызметтерді (спутник қызметтеден басқа) ұсыну жатады

- сымсыз байланыстың операторынан Интернет желісіне кіру рұқсатын беру кіреді

Бұл класқа:

- телекоммуникациялық қызметтерді қайта сату кірмейді, (61.90.9 қараңыз)

#### **61.20.1 Бірыңғай көлік ортасы арқылы сымсыз телекоммуникациялық байланыс**

Бұл ішкі класқа мемлекеттік органдардың, сондай-ақ акциялары (қатысу үлестері) тікелей және (немесе) жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдардың сымсыз телекоммуникациялық инфрақұрылымын пайдаланумен дауыстық, мәтіндік,

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

дыбыстық немесе бейнедеректерді беретін құрылғыларды басқарумен, оларға техникалық қызмет көрсетумен немесе қолжетімділікті ұсынумен байланысты қызмет кіреді

61.20.2 Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторының желісі арқылы теле-, радио бағдарламаларды таратуды ұйымдастыру

Бұл ішкі класқа телерадиоарналарды қалыптастыруды, қабылдау, өңдеу, таратуға және телерадио сигналдарды қалыптастыруға, қабылдауға, өңдеуге және беруге мүмкіндік беретін телерадио хабарларын таратудың техникалық құралдарын және телекоммуникациялық техникалық құралдарды пайдалану, басқару және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді кіреді

61.20.9 Өзге де сымсыз телекоммуникациялық байланыс

### **61.3 Спутниктік телекоммуникациялар саласындағы қызмет**

#### **61.30 Спутниктік телекоммуникациялар саласындағы қызмет**

Бұл класқа:

- телекоммуникациялық қызметтерді қайта сату кірмейді, (61.90.9 қараңыз)

61.30.1 Бірыңғай көлік ортасы арқылы мемлекеттік органдар үшін спутниктік телекоммуникациялар саласындағы қызмет

Бұл ішкі класқа мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының спутниктік жүйесінің инфрақұрылымын пайдалана отырып, дауыстық, мәтіндік, дыбыстық немесе бейне деректерді беретін құрылғыны пайдалану, техникалық қызмет көрсетумен немесе қолжетімділік берумен байланысты қызметті кіреді

61.30.2 Телерадио хабарларын тарату мақсаттары үшін спутниктік телекоммуникация саласындағы қызмет

Бұл ішкі класқа телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы желісіндегі инфрақұрылымын пайдалана отырып дауыстық, мәтіндік, дыбыстық немесе бейне деректерді беретін құрылғыларды пайдалану, техникалық қызмет көрсетумен немесе қолжетімділік берумен байланысты қызметті кіреді

61.30.3 Байланыс ұйымдастыру үшін спутниктік телекоммуникациялар саласындағы қызмет

Бұл ішкі класқа:

- ғарыш (спутниктік) байланыс жүйелер инфрақұрылымын пайдалана отырып, дауыстық, мәтіндік, дыбыстық немесе бейне деректерін беретін құрылғыны басқарумен, техникалық қызмет көрсетумен, ғарыш аппараттардың транспондерлерді беру, ғарыш (спутниктік) байланыс жүйелерді басқарумен байланысты қызмет

- қолжетімділік берумен байланысты қызметті телеарналардан, телестанциялар мен желілерден немесе радиожелілерден сатып алынатын және тұрмыстық қабылдағыштарға тікелей хабардың ғарыш (спутниктік) жүйелері арқылы тұтынушыларға берілетін дыбыстық, есту немесе мәтіндік бағдарламаларды жеткізу (Осында хабарланатын бағдарламалардың мазмұнды бөлігін өндірмейтін кәсіпорындар жіктеледі)

- спутниктік инфрақұрылым операторынан Интернет желісіне рұқсат беру кіреді

## **61.9 Телекоммуникация саласындағы өзге де қызмет**

### **61.90 Телекоммуникация саласындағы өзге де қызмет**

61.90.1 Интернет желісі арқылы телерадио бағдарламаларды тарату жөніндегі қызмет

Бұл ішкі класқа басқару, техникалық қызметпен байланысты немесе Интернет желісі арқылы таратылатын телебағдарламаларға (отандық және шетелдік) қол жетімділік берумен байланысты қызмет кіреді

61.90.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген, телекоммуникация саласындағы өзге де қызмет

Бұл ішкі класқа:

- спутниктік байқау, коммуникациялық телеметрия және радиолокациялық станциялардың қызметі сияқты мамандандырылған телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну

- терминалды спутниктік станцияларды және спутниктік жүйелерден сигналдарды алуға және беруге қабілетті бір немесе одан көп жерүсті байланыс жүйелерін қосылған қосымша жабдықтар пайдалану

- клиенттер мен Интернет желісі қызмет көрсету беруші арасындағы Интернет желісіне қатынауды ұсынатын провайдерлер сияқты тәуелсіз және басқа Интернет-қызмет көрсету бақылауындағы емес Интернет-қызмет көрсету арасына орнатылған желілер арқылы Интернет желісіне телефон желілері арқылы қатынауды ұсыну

- қоғамдық пайдалануға арналған жерлерде Интернет желісіне қол жеткізуді және телефон байланысын ұсыну

- қолданыстағы телекоммуникациялық қосылыстар арқылы телекоммуникациялық қызметтерді: IP-желілері бойынша VOIP-дауыс тарату қызметін ұсыну

- телекоммуникациялық қызметтерді қайта сату (мысалы, қосымша көрсетілетін қызметтерді ұсынбай желі сыйымдылықтарын сатып алу және қайта сату) кіреді

Бұл ішкі класқа:

- байланыс желілерінің операторлары арқылы Интернет желісіне қол жеткізуді ұсыну кірмейді, (61.10, 61.20, 61.30 қараңыз)

## **62 Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа ілеспе көрсетілетін қызметтер**

Аталған бөлімге ақпараттық технологиялар саласында мынадай кәсіби қызмет көрсету түрлері: бағдарламалық қамтамсыз етуді әзірлеу, түрлендіру, тестілеу және бағдарламалық қамтамсыз етуді қолдау; компьютерлік жабдықтарды, және коммуникациялық технологияларды біріктіретін есеп жүйелерді жоспарлау және жобалау; ақпараттық технологиялармен байланысты жергілікті басқару және клиенттердің есеп жүйелерін пайдалану және (немесе) деректерді өңдеу және басқа кәсіби және техникалық қызмет түрлері қызметі кіреді.

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

### **62.0 Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа ілеспе көрсетілетін қызметтер**

#### **62.01 Компьютерлік бағдарламалау саласындағы қызмет**

Осы класқа бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, түрлендіру, тестілеу және сүйемелдеу кіреді.

##### **62.01.1 Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу**

Бұл ішкі класқа бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, түрлендіру, тестілеу және сүйемелдеу кіреді.

Бұл ішкі класқа:

- компьютерлік кодтардың құрылымы мен мазмұнын әзірлеу және (немесе) құру және қолданылуы үшін қажетті компьютерлік кодтарды жазу:

- жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету (жаңартуды, бағдарламалық қамтамасыз етуге өзгерістер мен толықтыруларды қоса)

- қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету (жаңартуды, бағдарламалық қамтамасыз етуге өзгерістер мен толықтыруларды қоса)

- деректер базасы

- веб-сайттар

- клиенттің тапсырысы бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді өзгерту, яғни қолданыстағы қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді олар клиенттің ақпараттық жүйелері шегінде жұмыс істейтіндей етіп түрлендіру және конфигурациялау кіреді

Бұл ішкі класқа:

- кешенді бағдарламалық қамтамасыз етуді жариялау, (58.29.0 қараңыз)

- өз есебінен нарықтың жалпы пайдалануға арналған жүйелік емес бағдарламалық қамтамасыз етуді ауыстыру немесе бейімдеу, (58.29.0 қараңыз)

- компьютерлік жабдықтарды біріктіретін ақпараттық жүйелерді жоспарлау және жобалау, егер бағдарламалық қамтамасыз етуді ұсыну осы қызметтің құрама бөлігі болса да, бағдарламалық қамтамасыз ету және коммуникациялық технологиялар кірмейді, (62.02 қараңыз)

##### **62.01.2 Бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу**

Бұл ішкі класқа бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу ғана қызмет кіреді.

#### **62.02 Ақпараттық технологиялар саласындағы консультациялық қызметтер**

Бұл класқа:

- көпфункционалды және соған ұқсас компьютерлерді орнату, (33.20.0 қараңыз)

- компьютерлік, шалғай құрылғылар және бағдарламалық қамтамасыз етумен сауда (46.51.0, 47.41 қараңыз)

- дербес компьютерлерді орнату (күйге келтіру), (62.09.9 қараңыз)

- бағдарламалық қамтамасыз етуді, істен шыққан компьютерді қалпына келтіруден кейін орнату кірмейді, (62.09.9 қараңыз)

62.02.1 Ақпараттық технологиялар саласындағы консультациялық және практикалық қызметтер

Бұл ішкі класқа:

- мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қалыптастыру және дамыту аясында жабдықтаушы жабдықтарды және коммуникациялық технологияларды біріктіретін ақпараттық жүйелерді, бағдарламалық қамтамасыз етуді, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтің, акциялардың (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей және (немесе) жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін жоспарлау, әзірлеу және дамыту

- тиісті пайдаланушыларды оқыту және іске асырылуы мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен жүйелерді, сондай-ақ басқарушы холдингтің, акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей және (немесе) жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін қалыптастыруға және/немесе дамытуға ықпал ететін өзге де қызметтер кіреді

62.02.2 Коммерциялық ақпараттық жүйелерді жоспарлау және жобалау

Бұл ішкі класқа:

- компьютерлік құрылғыларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді және коммуникация технологияларды біріктіретін коммерциялық мақсатта пайдалану үшін ақпараттық жүйелерді жоспарлау және жобалау

- тиісті пайдаланушыларды оқыту кіреді

**62.03 Компьютерлік жабдықтарды басқару жөніндегі қызмет**

62.03.1 Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қалыптастыру және дамыту аясында ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды басқару жөніндегі қызмет

Бұл ішкі класқа ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды технологиялық, техникалық және өзге де басқару бойынша, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құрал-жабдықтар, бағдарламалық қамтамасыз ету мен ақпараттық жүйелерді, мемлекеттік органдарға, мекемелерге және ұйымдарға ұсынуды, сондай-ақ техникалық колдаудың ілеспе қызметтерді ұсыну кіреді

62.03.2 Ақпараттық-коммуникациялық құрал-жабдықтарды басқару жөніндегі қызмет

Бұл ішкі класқа клиенттердің ақпараттық-коммуникациялық құрал-жабдықтарды және (немесе) деректерді өңдеу құралдарын жедел басқару және пайдалану бойынша қызметтерді ұсыну кіреді

**62.09 Ақпараттық технологиялар және ақпараттық жүйелер саласындағы қызметтің басқа да түрлері**

Бұл класқа:

- көп функциялы және осыған ұқсас компьютерлерді орнату, (33.20.0 қараңыз)
- бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, (62.01.1 қараңыз)
- ақпараттық технологиялар саласындағы консультация, (62.02 қараңыз)

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

- компьютерлік жабдықтарды басқару, (62.03 қараңыз)
- деректерді өңдеу және орналастыру кірмейді, (63.11 қараңыз)

62.09.1 Мемлекеттік органдар, мекемелер және ұйымдардың функцияларын автоматтандыру аясында ақпараттық технологиялар және ақпараттық жүйелер саласындағы қызметтің басқа да түрлері

Бұл ішкі класқа мемлекеттік органдар, мекемелер және ұйымдардың, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің функцияларын автоматтандыру, сондай-ақ халыққа мемлекеттік қызмет көрсету процесін автоматтандыру бөлігінде ақпараттық технологиялар саласындағы қызмет түрлерін кіреді

### **62.09.2 Киберқауіпсіздік саласындағы қызмет**

Бұл ішкі класқа:

- ұйымның ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылым объектілерді қорғау
- әлсіздіктерді айқындау
- ақпараттандыру объектілерін қорғауды қамтамасыз етуді мониторингтеу
- интернет-ресурстарды мониторингтеу
- ақпараттық жүйелердің, автоматтандырылған басқару жүйелердің, ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес аппараттық-бағдарламалық кешендерінің жұмыс істеу шарттарының өзгермейтіндігін бақылау
- ақпараттық қауіпсіздіктің оқиғаларға жауап қайтару
  - кәсіпорынның қолжетімді барлық арналардың шектерден тыс құпия ақпараттың таратылуын бақылау
  - қауіпсіздік оқиғаларын сараптау және корреляциялау және т.б.
  - ақпараттық қауіпсіздік аудиті
  - ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қауіпті алдын-алу және сараптау, анықтау бөлігінде ақпаратты қорғау құралдарын әзірлеу
  - ақпаратты криптографиялық қорғаудың құралдарын әзірлеу кіреді

62.09.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген, ақпараттық технологиялар мен ақпараттық жүйелер саласындағы қызметтің басқа да түрлері

Бұл ішкі класқа:

- басқа топтамаларға енгізілмеген, ақпараттық технологиялар мен ақпараттық жүйелер саласындағы өзге де қызмет, сондай-ақ:
  - компьютерді бұзылғаннан кейін қалпына келтіру
  - дербес компьютерлерді орнату (баптау)
  - бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату қызметі
    - жұмыс станцияларының, серверлердің, деректерді сақтау жүйелерінің, электр энергетикасы саласындағы ақпараттық қауіпсіздік құралдарының жұмыс істеу (пайдалану) қабілетін қамтамасыз ету кіреді

## **63 Ақпараттық қызмет көрсету саласындағы қызмет**

Аталған бөлімге іздеу порталдарымен, деректерді өңдеу және орналастырумен байланысты қызметті, сондай-ақ әсіресе ақпараттарды ұсынуға жататын қызметтің өзге де түрлері кіреді.



### **63.1 Деректерді өңдеу, қосымшаларды (қолданбалы бағдармаларды) орналастыру және осымен байланысты қызметтер; веб-порталдардың қызметі**

Аталған топқа серверде ақпараттық ресурстарды орналастыру және осы ресурстарға тұрақты қол жеткізуді қамтамасыз ету, деректерді өңдеу және соған сәйкес басқа қызметтерге арналған инфрақұрылымды ұсыну, сондай-ақ Интернет желісінде іздеу жүйелері мен басқа порталдарды ұсыну кіреді.

#### **63.11 Деректерді өңдеу, қосымшаларды (қолданбалы бағдарламаларды) орналастыру және осымен байланысты қызметтер**

Бұл класқа:

- жеткізуші компьютерлерді құрал ретінде ғана пайдаланатын процесс кезіндегі қызмет кірмейді, (ұсынылатын қызметтер типіне сәйкес жіктеледі)

##### **63.11.1 Қосымшаларды (қолданбалы бағдарламаларды) орналастыру және осымен байланысты қызметтер**

Бұл ішкі класқа:

- серверде ақпараттық ресурстарды орналастыру үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және осы ресурстарға тұрақты қол жеткізуді қамтамасыз етуді және осымен байланысты қызмет

- веб-сайттар, деректерді ағындық беру қызметі немесе қосымшаларды (қолданбалы бағдарламаларды) орналастыру сияқты орналастыру бойынша мамандандырылған қызметтер

- қосымшалар бойынша қызмет көрсету (жалдау)

- уақыт бөлу тәртібінде жұмыс істейтін клиенттерге басты есеп жүйесіне қол жеткізуді ұсыну кіреді

##### **63.11.2 Ақпараттық жүйелер мен деректер базасын сүйемелдей отырып, әдіснамалық-ақпараттық қамтамасыз ету**

Бұл ішкі класқа:

- отын-энергетикалық кешеннің, ауқымды навигациялық спутниктік жүйелердің және басқа саладағы деректерді жинау, талдау және өңдеуге арналған инфрақұрылыммен қамтамасыз ету

- деректерді өңдеу қызметі компаниялардан алынған деректер негізінде мамандандырылған есептерді кешенді өңдеуді және деректерді кешенді өңдеу, жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша ағымдағы жұмыстарды қоса алғанда, деректерді автоматты түрде өңдеуді қамтамасыз етуді және деректерді енгізу қызметін қамтиды. Деректерді жинау, талдау және өңдеу мұнай, газ, көмір, уран, тау-кен металлургиялық кешені, жерасты сулары, емдік балшықтар және электр энергиясы, сондай-ақ электр және жылу энергиясын өңдеу үшін қолданылатын жаңғыртылатын энергия көздері сияқты басқа салаларды қамтиды

- халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ақпаратты жинау және жүйелеу

- еңбек нарығында тіркелген адамдар мен мемлекеттік әлеуметтік көмек алушы адамдар бойынша деректер банкіні өңдеу

- еңбек нарығының кәсіптік құрылымы туралы деректерді қорыту

- еңбек ресурстарының жағдайына кешенді талдау жүргізу

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

- халықтың жұмыспен қамтылуын өнімді қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу
- жерді қашықтықтан зондтау деректерін тарату және өңдеу
- жоғары нүктелі спутниктік навигация жүйесінің деректерін тарату және өңдеу кіреді

### **63.12 Веб-порталдардың қызметі**

#### **63.12.0 Веб-порталдардың қызметі**

Бұл ішкі класқа:

- ақпаратты жеңіл іздеуді қамтамасыз ететін Интернет-мекенжайлардың ауқымды деректер базасын жүргізу және әзірлеу мақсатымен іздеу жүйелерін пайдаланатын веб-сайттардың қолдану және форматта ұстау пайдаланады
- Интернет желісінде порталдар ретінде жұмыс істейтін мерзімдік жаңартылып отыратын ақпараттарды ұсынатын бұқаралық ақпарат құралы веб-сайттары сияқты өзге де веб-сайттарын жұмыс істеуі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- Интернет желісінде кітап, газет, журналдар және т.б. шығару, (58-бөлімді қараңыз)
- Интернет желісі арқылы телехабарлар тарату кірмейді, (60-бөлімді қараңыз)

### **63.9 Ақпараттық қызмет көрсету саласындағы өзге қызмет**

Аталған топқа ақпараттық агенттіктердің және ақпараттық қызметтер саласындағы өзге қызмет кіреді.

Осы топқа:

- кітапханалардың және архивтердің қызметі кірмейді, (91.01 қараңыз)

#### **63.91 Ақпараттық агенттіктердің қызметі**

##### **63.91.0 Ақпараттық агенттіктердің қызметі**

Бұл ішкі класқа:

- жаңалықтар, фотолар және бұқаралық ақпарат құралдары үшін басқа материалдар ұсынатын баспа агенттіктері мен ақпараттық агенттіктерінің қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- тәуелсіз фоторепортерлер қызметі, (74.20.0 қараңыз)
- тәуелсіз журналисттер қызметі кірмейді, (90.03.0 қараңыз)

### **63.99 Басқа топтамаларға енгізілмеген, ақпараттық қызметі саласындағы өзге қызмет**

63.99.1 Компьютерлендірілген телефон байланысы қызметтерін ұсынумен байланысты қызметтің өзге түрлері

Бұл ішкі класқа ақпараттық қызмет жұмыстарының өзге түрлері: компьютерді пайдаланумен телефон арқылы ақпараттық қызметтер кіреді

Бұл ішкі класқа:

- телефон арқылы анықтама-ақпараттық қызметтің қызметі кірмейді, (82.20.0 қараңыз)

63.99.9 Ақпараттық қызмет көрсету саласындағы қызметтің өзге түрлері

Бұл ішкі класқа ақпараттық қызмет көрсетудің өзге де түрлері:

- келісім-шарт негізінде немесе сыйақы үшін ақпарат іздеу бойынша қызметтер  
- жаңалықтарды іріктеу, мерзімдік басылым қиындылары және т.б. қызметтер кіреді

## **К СЕКЦИЯСЫ ҚАРЖЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІ**

Аталған секцияға сақтандыру, қайта сақтандыру мен зейнетақы қорларының қызметін қоса, қаржылық делдалдық қызмет, сондай-ақ көмекші қаржылық қызметі кіреді.

Аталған секцияға сондай-ақ холдингілік компаниялардың, трасталық компаниялардың, қорлардың және басқа қаржылық ұйымдардың қызметі кіреді.

### **64 Қаржылық делдалдық, сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз етуді қоспағанда**

Аталған бөлімге сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз ету немесе міндетті әлеуметтік сақтандыру мақсаттарына арналған мақсаттардан басқа, қаржылық қаражаттарын алу және қайта бөлу қызметі кіреді.

Ескерту:

Осы бөлімнің жіктелімінде осы елдегі тиісті институционалдық бірліктерді ұйымдастыру едәуір рөл атқарады.

#### **64.1 Ақшалай делдалдығы**

Аталған топқа аударылатын депозиттер (сұрап алатын депозиттер) түрінде қаржылық қаражаттарын, яғни ұлттық банктен басқа, тұрақсыз негізде және қаржылық емес көздерден түсетін нақты ақшалай мәндегі қаржылық қаражат кіреді.

#### **64.11 Ұлттық банк қызметі**

##### **64.11.0 Ұлттық банк қызметі**

Бұл ішкі класқа:

- мемлекеттік ақшалай ресурстарды (ұлттық валюта) басқару және шығару  
- ақшалай айналымды бақылау және мониторинг  
- қаржылық мекемелер арасында өзара есеп айрысу үшін пайдаланылатын депозиттерді тарту (қабылдау)  
- банктік операцияларды бақылау  
- елдің валюталық резервтерін сақтау

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

- үкіметтің қаржылық агенті рөлінде шығу кіреді

### **64.19 Өзге де ақшалай делдалдық**

Бұл класқа:

- депозиттер және/немесе депозиттер баламаларын алу, сондай-ақ несиені немесе қарыздарды төлеу мерзімін ұзарту кіреді. Несиені беру қарыздар, ипотека, несиені карталар және т.б. осылар сияқты түрлі нысандарда орындала алады. Осы қызметті Ұлттық банктерден басқа, банктер, жинақ банктер, несиелік одақтар сияқты қаржылық мекемелер жүзеге асырады

Осы класқа сондай-ақ:

- пошталық қолма – қол ақшасыз есеп айырысу және пошталық жинақ банктерімен байланысты қызмет

- депозиттерді қабылдайтын арнайы ұйымдардың жылжымайтын объектілерді сатып алу үшін несиелер беруі

- пошталық ақша аударымдары саласындағы қызмет кіреді

Бұл класқа:

- депозиттерді қабылдамайтын арнайы ұйымдардың жылжымайтын объектілерді сатып алу үшін несиелер беруі, (64.92.9 қараңыз)

- кредиттік карталар көмегімен орындалатын мәмілелерді өңдеу және төлеу қызметі кірмейді, (66.19.0 қараңыз)

64.19.1 Ұлттық даму институты және оның еншілес лизинг беруші ұйымы болып табылатын банктен басқа банктердің қызметі

64.19.2 Жинақ банкілерінің қызметі

64.19.3 Ұлттық даму институты және оның еншілес лизинг беруші ұйымы болып табылатын банк қызметі

Бұл ішкі класқа кәсіпкерлікті қолдау және индустриалды-инновациялық даму саласындағы жобаларды жүзеге асыру басты мақсаты болып табылатын ұлттық даму институты – банкі және оның еншісіндегі ұйымдардың қызметі кіреді

64.19.9 Өзге несиені мекемелерінің ақша делдалдығы

### **64.2 Холдингтік компаниялар қызметі**

#### **64.20 Холдингтік компаниялар қызметі**

64.20.0 Холдингтік компаниялар қызметі

Бұл ішкі класқа еншілес компаниялар топтарын бақылау және басқару мақсатында олардың активтерін иеленуші (акциялардың бақылау пакетін) холдингтік компаниялардың қызметі кіреді. Аталған ішкі кластың холдингтік компаниялары өзге компанияларға қатысу бойынша әкімшілік-басқару функцияларын орындамайды.

Бұл ішкі класқа:

- басқа компаниялар мен кәсіпорындарды басқару бойынша қызмет, стратегиялық жоспарлау және компаниялардың шешім қабылдауы кірмейді, (70.10 қараңыз)

### **64.3 Трастық компаниялардың, инвестициялық қорлар мен ұқсас қаржылық ұйымдардың қызметі**

#### **64.30 Трастық компаниялардың, инвестициялық қорлар мен ұқсас қаржылық ұйымдардың қызметі**

64.30.0 Трастық компаниялардың, инвестициялық қорлар мен ұқсас қаржылық ұйымдардың қызметі

Бұл ішкі класқа акционерлер немесе бенефициарлар атынан оларды басқармай, бағалы қағаздарды немесе басқа да қаржылық активтерді тарту үшін құрылған қаржылық ұйымдардың қызмет кіреді. Бағалы қағаздар портфельдері әртараптандыру, тәуекелдер, табыстылық пайыздары және баға деңгейінің ауытқуы сияқты белгілі бір инвестициялық сипаттамаларға қол жеткізу мақсатында ерекше талаптарға сәйкес ресімделеді. Аталған қаржылық ұйымдар мүліктен пайыздар, дивидендтер және өзге де табыстар алады, бірақ оларда қызметкерлер аз немесе жоқ және олар көрсетілетін қызметтерді сатудан ешқандай табыс алмайды.

Бұл ішкі класқа:

- ашық типті инвестициялық қорлардың қызметі
- жабық типті инвестициялық қорлардың қызметі
- инвестициялық пай қорларының қызметі
- трастық келісімдер, өсиет немесе агенттік келісімдерге сәйкес бенефициарлар атынан басқарылатын трастық компаниялардың, мүліктік немесе агенттік шоттардың қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді сатудан табыс алатын инвестициялық қорлар мен трастық компаниялардың қызметі, (олардың негізгі қызмет түріне сәйкес ЭҚЖЖ класын қараңыз)
- холдингтік компаниялар қызметі, (64.20.0 қараңыз)
- зейнетақымен қамтамасыз ету, (65.30 қараңыз)
- қорларды басқару бойынша қызмет кірмейді, (66.30 қараңыз)

#### **64.9 Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандырудан басқа, өзге де қаржылық делдалдық**

Аталған топқа қаржылық мекемелер қызметінен ерекшеленетін, қаржылық делдалдық қызметті кіреді.

Аталған топқа:

- сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру кірмейді, (65-бөлімді қараңыз)

#### **64.91 Қаржылық лизинг**

Бұл класқа:

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

- операциялық лизинг кірмейді, (жалға берілетін лизинг объектінің типіне сәйкес 77-бөлімді қараңыз)

**64.91.1 Медициналық жабдықтар мен техниканың қаржылық лизингінен басқа қаржылық лизинг**

Бұл ішкі класқа қолданылу кезеңі активтердің болжанатын қызмет ету мерзімін қамтитын лизинг кіреді және жалға беруші негізінен оларды пайдаланудан түскен барлық пайдаларды алады және медициналық техника мен жабдықтарды қоспағанда мүлікті иеленумен байланысты барлық тәуекелдерді өзіне қабылдайды. Түпкілікті нәтижесінде, активтерді иеленуге құқық басқа адамдарға берілуі немесе берілмеуі мүмкін. Мұндай жалдау пайыздарды қоса алғанда, шығындардың барлығын немесе барлығына жуығын жабады.

**64.91.2 Медициналық жабдықтар мен техникалардың қаржылық лизингі**

Бұл ішкі класқа жалға алушы негізінен активтерді пайдаланудан түскен барлық пайдаларды алады және медициналық техника мен жабдықтарды иеленумен байланысты барлық тәуекелдерді өзіне қабылдайтын лизингті кіреді. Түпкілікті нәтижесінде, активтерді иелену құқық басқа адамдарға берілуі немесе берілмеуі мүмкін. Мұндай жалдау пайыздарды қоса алғанда шығындардың барлығын немесе барлығына жуығын жабады.

## **64.92 Кредит берудің өзге де түрлері**

**64.92.1 Ломбардтар қызметі**

**64.92.2 Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қаржылық қолдаудың арнайы қорларының қызметі**

Бұл ішкі класқа:

- екінші деңгейлі банктер мен өзге де заңды тұлғаларға қаражаттарды шарттастыра орналастыру жолымен жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру

- берілетін кредиттер және іске асырылатын лизингтік мәмілелер бойынша екінші деңгейлі банктермен, Қазақстанның Даму Банкі және лизингтік қызметпен айналысатын өзге де заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау

- екінші деңгейлі банктердің және өзге де заңды тұлғалардың кредиттері бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелерін орындау жөнінде кепілдіктер беру

- банк секторын қолдау және ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламаларын қаржыландыру

- дара кәсіпкерлік субъектілерімен шығарылған облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау кіреді

**64.92.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген, кредит берудің өзге де түрлері**

Бұл ішкі класқа:

- ақшалай делдалдықпен айналыспайтын мекемелердің кредит берумен байланысты қаржылық делдалдығы, мұнда көрсетілетін қызметтердің мынадай түрлерін

ұсына отырып, кредит берудің қарыздар, ипотека, кредит карталары және т.б. сияқты әртүрлі нысандарын қабылдай алады:

- тұтынушы кредиттерін беру
- халықаралық сауда қаржыландыру
- өнеркәсіптік банктер тарапынан өнеркәсіптің ұзақ мерзімді қаржыландыру қарыздарын ұсыну
- банктік жүйеден тыс ақшалай қарыздар ұсыну
- депозиттерді қабылдамайтын мамандандырылған мекемелермен жылжымайтын мүлік объектілерді сатып алу үшін кредиттер ұсыну
- алушылардың кредиттерді ұсыну кіреді

Бұл ішкі класқа:

- депозиттерді қабылдайтын мамандандырылған мекемелердің жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу үшін кредиттерді ұсыну, (64.19 қараңыз)
- операциялық лизинг, (объектінің типіне сәйкес жалға берілетін лизинг 77-бөлімді қараңыз)
- қоғамдық ұйымдардың гранттарды ұсыну бойынша қызмет кірмейді, (94.99.0 қараңыз)

#### **64.99 Басқа топтамаларға енгізілмеген, сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандырудан басқа, өзге де қаржылық делдалдық**

64.99.1 Индустриалды-инновациялық қызмет пен агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне көрсетілетін қаржы-экономикалық қызметтер

Бұл ішкі класқа:

- индустриялық-инновациялық қызмет пен агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің жарғылық капиталдарына, сондай-ақ қолданыстағы өндірістерді жаңартуға (техникалық қайта жабдықтауға) және кеңейтуге бағытталған жаңа индустриялық-инновациялық жобаларды, агроөнеркәсіптік жобаларды құру үшін өзге де заңды тұлғаларды құру (пайда болу) жолымен инвестицияларды жүзеге асыру
- ұлттық даму институттарынан, екінші деңгейдегі банктерден және дауыс беруші акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан көбі индустриялық-инновациялық жобаларды немесе агроөнеркәсіптік кешендегі жобаларды іске асырушы, кредит беруші және (немесе) оларға қатысушы ұлттық басқарушы холдингтерге тікелей немесе жанама тиесілі өзге де заңды тұлғалардан кредиттер (қарыздар) бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқаруға алу (соның ішінде сатып алу) және (немесе) қабылдау
- индустриялық-инновациялық және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржы-экономикалық сауықтыру және дамыту, сондай-ақ экономиканың басым секторларының экономикалық белсенділігін және инвестициялық тартымдылығын қолдау және қалпына келтіру бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру
- берешекті қайта құрылымдау
- стратегиялық және институционалдық инвесторларды іздеу және тарту
- агроөнеркәсіптік кешенде міндеттемелердің орындалуына кепілдік
- агроөнеркәсіптік кешендегі субсидиялау
- басқа топтамаларға енгізілмеген индустриялық-инновациялық қызметтің және агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілерін қаржы-экономикалық сауықтыруға мүмкіндік беретін қолдаудың өзге де түрлері кіреді

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

64.99.2 Басқа да қаржылық көрсетілетін қызметтер, экономиканың әртүрлі салаларындағы қаржыландыру, инвестициялық қызмет

Бұл класқа:

- екінші деңгейлі банктерде қаражаттарды шарттық орналастыру және басқа да қаржылық ұйымдарға кредит беру, экономиканың әртүрлі салаларында инвестициялық жобаларды қаржыландыру
- жарғылық капиталдарға инвестициялар
- өз есебінен, мысалы, венчурлік компаниялар, инвестициялық клубтар және т.б. арқылы жасалатын инвестициялық қызмет кіреді

64.99.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандырудан басқа, қаржылық көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлері

Бұл ішкі класқа:

- қарыз беруден басқа, бәрінен бұрын қаржы қаражаттарын бөлумен байланысты өзге де қаржылық делдалдық: факторингтік операциялар, своптарды, опциондарды және өзге де шұғыл мәмілелерді ресімдеу, қамтамасыз ету нысанындағы реттеумен айналысатын компаниялар қызметі, соның ішінде тұрғын үй құрылысына үлескерлік қатысуды кепілдендіру ету кіреді

Бұл ішкі класқа:

- қаржылық лизинг, (64.91 қараңыз)
- басқа адамдардың тапсырмасы бойынша жүзеге асырылатын бағалы қағаздармен операциялар, (66.12.2 қараңыз)
- жылжымайтын мүлікті сату, лизинг және жалдау, (68-бөлімді қараңыз)
- төлемдерді шоттар бойынша өндіріп алу, (82.91.2 қараңыз)
- қоғамдық ұйымдардың гранттарды ұсыну бойынша қызмет кірмейді, (94.99.0 қараңыз)

### **65 Міндетті әлеуметтік қамсыздандырудан басқа, сақтандыру, қайта сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру**

Аталған бөлімге болашақ талап-арыздарға жауап ретінде пайдаланылатын қаржы активтері портфельдерін қалыптастыру мақсатында жыл сайынғы ренталарға, сақтандыру полистеріне және инвестициялық сыйлықақыларға жазылу кіреді. Сақтандыруды, қайта сақтандыруды және лицензияланбаған сақтандыруды (кепілдік беруді) ұсыну да осы бөлімге енгізілген.

#### **65.1 Сақтандыру**

Аталған топқа жинақ ақшаның (қорланымдар) елеулі элементімен немесе онсыз өмірді сақтандыруды, сондай-ақ залалдан сақтандыруды кіреді.

##### **65.11 Өмірді сақтандыру**

Бұл класқа:

- өмірді сақтандыру полистеріне, жазатайым оқиғалар нәтижесінде орын алған еңбекке жарамсыздық немесе қайтыс болу нәтижесінде табыстарды жоғалтудан



сақтандыру полистеріне, сондай-ақ зақымданудан сақтандыратын полистерге қол қою (жинақ ақшасының (қорланымдар) елеулі элементімен немесе онсыз) кіреді

65.11.1 Өмірді мемлекеттік сақтандыру

65.11.2 Өмірді мемлекеттік емес сақтандыру

### **65.12 Зиянды сақтандыру**

Бұл класқа:

- өмірді сақтандыруға жатпайтын, сақтандыруды ұсыну: жазатайым оқиғалар мен өрттен сақтандыру, медициналық сақтандыру, сапарларды, мүліктерді, автомобиль, су, әуе көліктерін сақтандыру, кәсіпкерлік тәуекелді және азаматтық жауапкершілікті сақтандыру кіреді

65.12.1 Зиянды мемлекеттік сақтандыру

65.12.2 Зиянды мемлекеттік емес сақтандыру

### **65.2 Қайта сақтандыру**

#### **65.20 Қайта сақтандыру**

65.20.0 Қайта сақтандыру

Бұл ішкі класқа:

- бастапқыда басқа сақтандыру агенттері қол қойған, қолданыстағы сақтандыру полистерімен байланысты тәуекелдерді толықтай немесе ішінара өз есебіне қабылдау бойынша қызмет кіреді

### **65.3 Зейнетақымен қамсыздандыру**

#### **65.30 Зейнетақымен қамсыздандыру**

Аталған класқа тек қана ұйым қызметкерлеріне немесе зейнетақы қорлардың мүшелеріне зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша құрылған заңды тұлғалар (қорлар, жоспарлар және/немесе бағдарламалар) кіреді. Бұл класқа белгілі бір зейнатақысы бар топтық зейнетақымен қамсыздандыруды, сондай-ақ зейнетақы төлемдері зейнетақы жарналары негізінде айқындалатын жеке зейнетақымен қамсыздандыруды кіреді.

Бұл класқа:

- қызметкерлерге зейнетақы төлемдері
- зейнетақы қорларының және зейнетақымен қамсыздандыру қызметі
- зейнетке шығуына байланысты төлемдермен қамтамасыз ету кіреді

Бұл класқа:

- зейнетақы қорларын басқару, (66.30.1 қараңыз)
- міндетті әлеуметтік сақтандыру кірмейді, (84.30.0 қараңыз)

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

65.30.1 Мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандыру

65.30.2 Мемлекеттік емес зейнетақымен қамсыздандыру

### **66 Қаржылық көрсетілетін қызметтер мен сақтандыру саласындағы қосалқы қызмет**

Аталған бөлімге қаржылық көрсетілетін қызметтердің өзінен басқа, қаржылық делдалдықпен байланысты көрсетілетін қызметтерді ұсыну кіреді. Аталған бөлімді бастапқы бөлу қаржылық мәмілелердің немесе ұсынылатын қамсыздандыру типіне негізделген.

#### **66.1 Сақтандыру мен зейнетақымен қамсыздандырудан басқа, қаржылық көрсетілетін қызметтер саласындағы қосалқы қызмет**

Аталған топқа акцияларды, қор опциондарын, облигацияларды немесе тауарларға келісім-шарттарды сатып алу және сату рәсімдерін оңайлату мақсатындағы, физикалық немесе электронды сауда орындарының жабдықтары кіреді.

##### **66.11 Қаржы нарықтарын басқару**

66.11.1 Тауар биржаларының қызметі

Бұл ішкі класқа:

- тауарлар мен мәмілелер бойынша тауар биржаларының қызметі
- тауарлармен шұғыл келісімшарттар бойынша тауар биржаларының қызметі кіреді

66.11.2 Қаржы нарықтарын басқарумен байланысты қызмет

Бұл ішкі класқа мемлекеттік органдар жүзеге асыратын бақылаудан басқа, қаржы нарықтарының жұмыс істеуі және олардың қызметіне бақылау:

- бағалы қағаздар биржаларының қызметі
- қор биржаларының қызметі
- қор биржаларының немесе тауарлар опциондарының қызметі кіреді

66.11.3 Бағалы қағаздар ұстаушылар және шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа эмиссиялық бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімі жүйесін, шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталдарында қатысу үлестерін, тіркелген тұлғалардың жеке шоттарындағы эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарын қалыптастыру, жүргізу және сақтауды кіреді.

#### **66.12 Бағалы қағаздармен және тауарлармен мәмілелер бойынша брокерлік қызмет**

66.12.1 Ұлттық қордың активтерін, Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін, зейнетақы активтерін басқаруға байланысты брокерлік және дилерлік қызмет

Бұл ішкі класқа Ұлттық қордың активтерін, Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін, зейнетақы активтерін басқаруға байланысты бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызметті кіреді.

66.12.2 Ұлттық қордың активтерін, Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін, зейнетақы активтерін басқаруға байланысты бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызметін қоспағанда, бағалы қағаздармен және тауарлармен мәмілелер бойынша брокерлік қызмет

Бұл ішкі класқа:

- басқа адамдардың тапсырмасы бойынша қаржы нарықтарында операцияларды жүзеге асыру (мысалы, қор биржасындағы брокерлік операциялар) және осыған байланысты қызмет

- бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша брокерлік қызмет

- тауарлармен мәмілелер бойынша брокерлік қызмет

- валютаны айырбастау пункттерінің қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- нарықтарда өз есебінен операцияларды жүзеге асыру, (64.99.2 қараңыз)

- сыйақыға немесе келісім-шарт негізінде активтер портфельдерін басқару кірмейді, (66.30.2 қараңыз)

### **66.19 Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандырудан басқа, қаржылық көрсетілетін қызмет саласындағы өзге де қосалқы қызмет**

66.19.0 Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандырудан басқа, қаржылық көрсетілетін қызмет саласындағы өзге де қосалқы қызмет

Бұл ішкі класқа басқа топтамаларға енгізілмеген, қаржылық делдалдыққа қатысы бойынша қосалқы болып табылатын қызмет:

- кредит картасымен жүргізілетін операцияларды қоса, мәміле және есеп айырысуды өңдеу бойынша қызмет

- инвестициялау саласындағы консультациялық қызметтер

- ипотекалық операциялар бойынша брокерлер мен консультанттар қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- бағалы заттарды сыйақыға немесе шарт негізінде сенім білдірушілердің, қамқоршылардың және сақтаушылардың көрсетілетін қызметтері кіреді

Бұл ішкі класқа:

- сақтандыру агенттерінің немесе брокерлердің қызметі, (66.22.0 қараңыз)

- қорларды басқару бойынша қызмет кірмейді, (66.30 қараңыз)

### **66.2 Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру бойынша қосалқы қызмет**

Аталған топқа дауларды реттеу мен сот төрелігін (аралық сот) іске асыру сияқты сақтандыру мен зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты сақтандыру полистерін сату немесе қызметкерлерді сақтандыру және зейнетақы төлемдерімен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету бойынша агенттердің (яғни брокерлер) қызметі кіреді.

**66.21 Сақтандыру тәуекелдері мен залалдарды бағалау**

**66.21.0 Сақтандыру тәуекелдері мен залалдарды бағалау**

Аталған класқа сақтандыру талаптарын бағалау мен реттеу сияқты сақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну:

- сақтандыру талаптарын бағалау: сақтандыру талаптары негіздемесін тексеру, тәуекелдерді бағалау, тәуекелдер мен залалдарды бағалау, сақтандыру полистерімен жабылатын залалдарды немесе зияндарды айқындау
- сақтандыру талаптарын реттеу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жылжымайтын мүлікті бағалау, (68.31 қараңыз)
- өзге де мақсаттар үшін бағалау, (74.90.9 қараңыз)
- тергеу жүргізу бойынша қызмет кірмейді, (80.30.0 қараңыз)

**66.22 Сақтандыру агенттерінің және брокерлердің қызметі**

**66.22.0 Сақтандыру агенттерінің және брокерлердің қызметі**

Бұл ішкі класқа:

- сату, келіссөздер жүргізу немесе сақтандыру қайта сақтандыру шарттарын жасау бойынша сақтандыру агенттері мен брокерлердің қызметі (сақтандыру делдалдығы) кіреді

**69.29 Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру бойынша өзге де қосалқы қызмет**

**66.29.0 Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру бойынша өзге де қосалқы қызмет**

Бұл ішкі класқа:

- сақтандыруға және зейнетақымен қамсыздандыруға жататын немесе олармен тығыз байланысты қызмет (қаржылық делдалдықты, сақтандыру жағдайлары бойынша шағымдарды реттеуді және сақтандыру агенттерінің қызметтерінен басқа)
- құтқарылған мүлікті басқару бойынша қызмет
- сақтандыру тәуекелдері мен сақтандыру сыйақыларын есептеу бойынша актуарийлердің қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- кемелерді құтқару бойынша қызмет кірмейді, (52.22.0 қараңыз)

**66.3 Қорларды басқару бойынша қызмет**

**66.30 Қорларды басқару бойынша қызмет**

66.30.1 Ұлттық қордың активтерін, Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін, зейнетақы активтерін басқару бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа халықаралық қаржы нарықтарында Ұлттық қордың активтерін, Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін, зейнетақы активтерін басқаруға байланысты инвестициялық қызметті кіреді.

#### **66.30.2 Қордың активтер портфелін сенімгерлік басқару бойынша қызмет**

Бұл ішкі класқа жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың және өзге де клиенттердің мүддесінде сыйақыға немесе шарт негізінде активтер портфелдерін және қорларды басқару сияқты:

- инвестициялық компаниялар басқаратын, өзара қорлармен, яғни ашық типті пай трасталарын (қорларын) басқару
- өзге де инвестициялық қорларды басқару кіреді

### **L СЕКЦИЯСЫ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКПЕН ОПЕРАЦИЯЛАР**

Аталған секцияға жалға берушілердің, агенттіктердің немесе делдалдардың қызметі келесі қызмет түрлерін жүзеге асырылуы: жылжымайтын мүлікті сату немесе сатып алу, жалдау, жылжымайтын мүлік объектілерін бағалау немесе қарызды қайтарып берген соң кредитор жылжымайтын мүлікті қайтарып сияқты алу жылжымайтын мүлікке қатысты басқа да көрсетілетін қызмет түрлерін ұсыну кіреді. Осы секциядағы қызмет меншік немесе жалға алынған жылжымайтын мүлікке қатысты жүзеге асырылуы мүмкін және сыйақыға немесе шарт негізінде орындауы мүмкін. Осы секцияға сондай-ақ меншік құқығын сатып алу немесе жалдауды біріктіретін жылжымайтын мүлікті басқару кіреді.

Аталған секцияға жылжымайтын мүлікті басқарушылардың қызметі кіреді.

#### **68 Жылжымайтын мүлікпен операциялар**

##### **68.1 Жеке меншік жылжымайтын мүлікті сатып алу және сату**

##### **68.10 Жеке меншік жылжымайтын мүлікті сатып алу және сату**

Бұл класқа:

- сатуға арналған құрылыс жобаларын әзірлеу кірмейді, (41.10.0 қараңыз)

##### **68.10.1 Көппәтерлі және тұрғын үйлерді (жеке үйлер) сатып алу және сату**

Бұл ішкі класқа:

- жеке меншік жылжымайтын мүлікті: көппәтерлі және жеке тұрғын үйлер (жеке үй) сатып алу немесе сату кіреді

##### **68.10.2 Өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алу және сату**

Бұл ішкі класқа:

- жеке меншік жылжымайтын мүлікті: көрме залдарын, қоймалық үй-жайларды, дүкендерді және сауда орталықтарын, жер учаскелерін қоса алғанда тұрғын емес ғимараттарды сатып алу немесе сату кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- көріктендіру бойынша жұмыстарды жүргізбей, жерлерді бөліктерге бөлу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- көріктендіру бойынша жұмыстарды жүргізе отырып, жерлерді бөліктерге бөлу кірмейді, (42.99.0 қараңыз)

**68.2 Жеке меншік немесе жалданатын жылжымайтын мүлікті жалдау және басқару**

**68.20 Жеке меншік немесе жалданатын жылжымайтын мүлікті жалдау және басқару**

Бұл класқа қонақүйлерді, люкс класты отельдерді, демалыс үйлерін, жиһаздалған бөлмелерді, кемпингтер, тұруға арналған автотіркемелер тұрақтары мен келушілерге арналған басқа да орындар немесе қысқа мерзімге тұруға арналған орындар пайдалану кірмейді, (55-бөлімді қараңыз)

**68.20.1 Жеке меншік жылжымайтын мүлікті жалдау және басқару**

Бұл ішкі класқа:

- жеке меншік жылжымайтын мүлікті: көппәтерлі үйлер мен оңаша үйлерді; көрме залдарын, конференция залдарын, қойма үй-жайларын және қойма алаңдарын, соның ішінде жекеменшік теміржолдардағы кірме жолдармен, магистральдық құбыржолдар мен газ таратушы жүйелердің қажеттіліктері үшін сұйықтықтарды (мұнай өнімдерін) сақтайтын резервуарлармен қоса алғанда тұрғын емес өндірістік және офистік ғимараттарды (үй-жайлар), жер учаскелерін; тұратын, жазылған кеден қоймаларымен; технологиялық ресурстарды орналастыру мақсатында өндірістік үй-жайлар жабындыларын жалға беру мен басқару

- әдетте айлық немесе жылдық мерзімге барынша пайдалануға тұрақты үйлерді, жиһаздалған немесе жиһаздалмаған пәтерлерді ұсыну

- объектілерді кейіннен пайдалану мақсатымен құрылыс жобаларын іске асыру

- телекоммуникация қызметтерін ұсыну үшін пайдаланылатын өндірістік мобильді кешендерді пайдалану

- дөңгелекті үйлерді орналастыруға арналған алаңдарды басқару кіреді

**68.20.2 Жалға алынатын жылжымайтын мүлікті жалдау (қосалқы жалдау) және пайдалану**

Бұл ішкі класқа:

- жалға алынатын жылжымайтын мүлікті: көрме залдарын, конференция залдарын, қойма үй-жайларын, қойма алаңдарын, соның ішінде жекеменшік теміржолдардағы кірме жолдармен, тіркелген кедендік қоймалармен, сұйықтықтарды (мұнай өнімдерін) сақтайтын резервуарлармен қоса алғанда тұрғын ғимараттар (үй-жайлар) мен тұрғын емес өндірістік және офистік; жер учаскелерімен; технологиялық ресурстарды орналастыру мақсатында өндірістік үй-жайлар жабындыларын жалдау (қосалқы жалдау) мен пайдалануды кіреді

**68.20.3 Сауда базарын жалдау және пайдалану**

**68.3 Сыйақы үшін немесе шарт негізінде жылжымайтын мүлікпен операциялар**

**68.31 Жылжымайтын мүлікпен операциялар бойынша агенттіктердің қызметі**

Бұл класқа жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктермен жылжымайтын мүлікпен операциялар жүргізу:

– сыйақыға немесе шарт негізінде жылжымайтын мүлікті сатып алуда, сатуда немесе жалдаудағы делдалдық

– сыйақыға немесе шарт негізде жылжымайтын мүлікті сатып алу, сату немесе жалдауға байланысты жылжымайтын мүлікті бағалау бойынша консультациялық қызмет немесе көрсетілетін қызметтері

– шартты депозитке салу агенттерінің қызметі кіреді

Бұл класқа:

- құқық саласындағы қызмет кірмейді, (69.10 қараңыз)

68.31.1 Өндірістік-техникалық мақсаттағы жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату және жалға беру кезіндегі делдалдық көрсетілетін қызметтер

68.31.2 Өндірістік емес мақсаттағы басқа да жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату және жалға беру кезіндегі делдалдық көрсетілетін қызметтер

### **68.32 Сыйақы үшін немесе шарт негізінде жылжымайтын мүлікті басқару**

Бұл класқа:

- құқық саласындағы қызмет, (69.10 қараңыз)

- ғимараттарға қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтер (ішкі үй-жайларды жалпы жинау, ғимараттарды ұстау және ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізу, қоқыс шығару, объектіні күзету мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты көрсетілетін қызметтерді үйлестіру), (81.10.0 қараңыз)

- әскери базалар, түрмелер сияқты және басқа да ғимараттарды басқару (электронды-есептеу орталықтарының үй-жайларын басқарудан басқа) кірмейді, (81.10.0 қараңыз)

68.32.1 Сыйақы үшін немесе шарт негізінде жылжымайтын мүлікті басқару

Бұл ішкі класқа:

- сыйақы үшін немесе келісімшарт негізінде жылжымайтын мүлікті пайдалану

- жалдау ақысын жинау бойынша агенттіктердің қызметі кіреді

68.32.2 «Эталондық орталықты» пайдалану кезінде шараларды қамтамасыз ету

Бұл ішкі класқа:

- мемлекеттік эталондарды сақтауға және пайдалануға қойылатын тиісті шарттар мен талаптарды қамтамасыз ету бойынша қызмет

- температурлық режимді, ылғалдылықты және электрмен үздіксіз қамтуды және т.б. қолдау үшін тәулік бойы бақылауды, эталондық жабдықтарды реттеуді қамтамасыз ету

- «Эталондық орталықтың» толыққанды жұмыс істеуі үшін көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлері кіреді

## **М СЕКЦИЯСЫ КӘСІБИ, ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ**

Осы секцияға арнайы кәсіби ғылыми және техникалық қызмет кіреді. Аталған қызмет дайындықтың жоғарғы деңгейін талап етеді және пайдаланушылар үшін арнайы білім мен дағдыларды қолжетімді етеді.

**69 Құқық және бухгалтерлік есеп саласындағы қызмет**

Осы бөлімге сондай-ақ азаматтық, қылмыстық істерде, еңбек дауларында консультациялық қызметтер көрсету мен өкілдікті адвокаттар алқасының мүшелері болып табылатын адамдардың немесе олардың бақылауымен соттарда немесе басқа да сот органдарында басқа тарапқа қарсы шығатын бір тараптың мүдделерін заңды түрде өкілдік етуін кіреді. Аталған бөлімге сондай-ақ компанияны тіркеу туралы кәуәлік, жарғылар немесе заңды тұлғаны құруға байланысты ұқсас құжаттарды, патенттер мен авторлық құқық; заң актілерін, өсиеттерді, сенімхаттарды және сол сияқты заңдық құжаттарды әзірлеуді; мемлекеттік және жеке нотариустардың, сот орындаушыларының, аралық соттардың, инспекторлар мен соттардың өзге де қызмет кіреді.

Осы бөлімге сондай-ақ қаржылық шоттарды дайындау, осы шоттарды тексеру және олардың дәлдігін растау сияқты бухгалтерлік есепті жүргізу мен аудит бойынша көрсетілетін қызметтер кіреді.

**69.1 Құқық саласындағы қызмет**

**69.10 Құқық саласындағы қызмет**

Бұл класқа:

- заң мәселелері бойынша консультация түсіндірме беру және заңдық құжаттарды дайындау: компанияларды тіркеу туралы кәуәліктер, жарғылар немесе заңды тұлғаны құруға байланысты ұқсас құжаттарды патенттер мен авторлық құқық; заң актілерін, өсиеттерді сенімхаттарды және осы сияқты заңдық құжаттарды әзірлеу

- мемлекеттік және жеке нотариустардың, сот орындаушыларының, аралық соттардың, инспекторлар мен соттардың өзге де қызмет кіреді

Бұл класқа:

- соттардың қызметі кірмейді, (84.23.0 қараңыз)

**69.10.1 Адвокаттық қызмет**

Бұл ішкі класқа:

- азаматтық, қылмыстық істерде, еңбек дауларында консультациялық қызметтер көрсету мен өкілдікті адвокаттар алқасының мүшелері болып табылатын адамдардың немесе олардың бақылауымен соттарда немесе басқа да сот органдарында басқа тарапқа қарсы шығатын бір тараптың мүдделерін заңды түрде өкілдік ету кіреді

**69.10.2 Нотариалдық қызмет**

**69.10.9 Құқық саласындағы өзге де қызмет**

**69.2 Бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы қызмет; салық салу бойынша консультация беру**

**69.20 Бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы қызмет; салық салу бойынша консультация беру**

Бұл класқа:

- бухгалтерлік есеп жүйелері және бюджеттің орындалуын бақылау рәсімдеріне қатысты басқару бойынша консультация беру, (70.22.1 қараңыз)



- шоттар бойынша төлемдерді өндіру кірмейді, (82.91.2 қараңыз)

#### 69.20.1 Қаржылық ревизия (аудит) жүргізу бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа:

- бухгалтерлік есепті, бухгалтерлік (қаржылық) есептілікті және өзге де растаушы құжаттарды тәуелсіз тексеру(аудит) жүргізу, олардың дәлдігін растау бойынша қызмет кіреді

#### 69.20.2 Шоттарды және бухгалтерлік есеп жасау саласындағы қызмет

Бұл ішкі класқа:

- компаниялардың және өзге де кәсіпорындардың коммерциялық операцияларын есепке алу

- қаржылық шоттар дайындау кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жиынтық деректерді қалыптастыру және өңдеу бойынша қызмет кірмейді, (63.11.2 қараңыз)

#### 69.20.3 Салық салу саласында консультация беру

Бұл ішкі класқа:

- консультация беру қызметі және салық органдарында клиенттер атынан өкілдік (заңды өкілдіктен басқа)

- заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер және жеке тұлғалар үшін салық декларацияларын дайындау кіреді

#### 69.20.4 Төлемге қабілетсіздікке және берешекті өндіріп алуға байланысты қызмет

Бұл ішкі класқа төлемге қабілетсіз кәсіпорынның басшылығы мен (немесе) кредиторлары үшін консультация беру қызметтері мен көмек және (немесе) төлемге қабілетсіз кәсіпорынды таратушы немесе мүлкін басқарушы ретінде шаралар қабылдау кіреді

69.20.5 Ұлттық басқарушы холдинг үшін бухгалтерлік, салық есебі және қазынашылық операциялар саласындағы қызмет

Бұл ішкі класқа ұлттық басқарушы холдинг, сондай-ақ:

- бухгалтерлік есеп жүргізу

- қаржылық есептілікті құру

- салықтық есептілікті құру

- салық заңнамасымен реттелетін қатынастарда тапсырыс берушінің мүдделерін білдіру

- банктік қызмет көрсету және банктік шоттар шарттарына әкімшілік ету

- төлем және өзге де өкімдік ету құжаттарын дайындау, оларды орындау үшін банкке беру

- банктік транзакциялар бойынша құжатайналымын ұйымдастыру және жүргізу

- бақылау рәсімдерін орындау және ақша қаражатын басқарумен байланысты есептерді дайындау бойынша акциялары (қатысу үлестері) тікелей және (немесе) жанама

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдар үшін жүзеге асырылатын қызмет кіреді

### **70 Бас компаниялардың қызметі; басқару мәселелері бойынша консультация беру**

Осы бөлімге стратегиялық және ұйымдық жоспарлау, қаржылық жоспарлау және бюджетті құру; маркетингтік мақсаттар мен саясатты әзірлеу; персоналға қатысты саясат, практика және жоспарлау; өндірісті және бақылауды жоспарлау сияқты басқару мәселелері бойынша кәсіпорындарға және басқа да ұйымдарға консультация беру және қолдау көрсету қызметі кіреді.

Осы бөлімге сондай-ақ сол компанияның немесе кәсіпорындардың басқа да бөлімшелеріне бақылау жасау мен басқару, яғни бас компаниялардың қызметін кіреді.

#### **70.1 Бас компаниялардың қызметі**

##### **70.10 Бас компаниялардың қызметі**

Бұл класқа:

- басқаруға қатыспайтын холдингтік компаниялардың қызметі кірмейді, (64.20.0 қараңыз)

70.10.1 Бас компаниялардың индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік саясатын іске асырумен байланысты қызметі

Бұл ішкі класқа:

- технопарктерді, коммерцияландыру орталықтарын, салалық конструкторлық бюроларды, технологиялар трансфертінің халықаралық орталықтарын құруға, басқаруға және үйлестіруге қатысу

- технологиялық болжам жасау процесіне қатысу кіреді

##### **70.10.9 Өзге де бас компаниялардың қызметі**

Бұл ішкі класқа:

- компанияның немесе кәсіпорынның басқа да бөлімшелерін бақылау және басқару; компанияның немесе кәсіпорынның рөліне қатысты стратегиялық және ұйымдық жоспарлауды және шешімдер қабылдауды жүзеге асыру; компанияның немесе кәсіпорынның (соның ішінде еншілес және филиалдар) ағымдағы (күнделікті) қызметіне жедел бақылау орнату және басқару

- бас компаниялардың, орталық әкімшілік компаниялардың, корпоративтік офистердің, аудандық және өңірлік офистердің, еншілес компаниялардың басқарушы офистердің қызметін кіреді

#### **70.2 Басқару мәселелері бойынша консультация беру жөніндегі қызмет**

##### **70.21 Өзара қарым-қатынас және жұртшылықпен байланыс бойынша қызмет**

70.21.0 Өзара қарым-қатынас және жұртшылықпен байланыс бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа өзара іс-қимыл мен жұртшылықпен байланыс бойынша кәсіпорындар мен ұйымдарға мүдделілік қолдау қызметін қоса консультациялық, басқару және операциялық көмекті ұсыну кіреді.

Бұл ішкі класқа:

- жарнама агенттіктерінің және бұқаралық ақпарат құралдарына жарнама орналастыру қызметі, (73.1 қараңыз)
- нарық конъюнктурасын зерттеу мен қоғамдық пікірді зерделеу кірмейді, (73.20.0 қараңыз)

## **70.22 Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша өзге де консультация беру**

Бұл класқа:

- бухгалтерлік жүйелер үшін бағдарламаларды қамтамсыз етуді әзірлеу, (62.01.1 қараңыз)
- заңдық консультациялар және өкілдік, (69.10 қараңыз)
- бухгалтерлік есеп және аудит саламындағы қызмет, салық салу бойынша консультациялар беру, (69.20 қараңыз)
- сәулет инженерлік ізденістер саласында консультация беру, (71.11, 71.12 қараңыз)
- қоршаған орта, ауылшаруашылығы, қауіпсіздікті қамтамсыз ету және ұқсас салаларда консультация беру, (74.90.9 қараңыз)
- бос орындарды орналастыру мен персоналды жалдау бойынша консультация беру, (78.10.0 қараңыз)
- білім беру сұрақтары бойынша консультация беру кірмейді, (85.60.9 қараңыз)

### **70.22.1 Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша консультация беру**

Бұл ішкі класқа:

- корпоративтік стратегиялық және операциялық жоспарлау, бизнестің даму бағыттарын айқындау, өзгерістерді басқару, өзіндік құнды төмендету және басқа да қаржылық мәселелер; маркетингтік мақсаттар мен саясатты әзірлеу; персоналға қатысты саясат, практика және жоспарлау; өтемақы төлеу және персоналдың зейнетке шығу стратегиясы; өндірісті жоспарлау мен бақылау сияқты басқару мәселелері бойынша кәсіпорындарға және ұйымдарға консультациялық, басқарушылық және операциялық көмек ұсыну
- бухгалтерлік есеп, әдістерін және рәсімдерін, шығындар есебі бағдарламаларын, бюджетті орындау рәсімдерін әзірлеуге қатысты кәсіпорындарға және ұйымдарға консультациялық басқарушылық және ұйымдастырушылық көмек
- жоспарлау, ұйымдастырушылық шаралар, тиімділік пен бақылау, ақпаратты басқару және т.б. салада кәсіпорындарға және ұйымдарға консультация беру және көмек көрсету кіреді

### **70.22.2 Мемлекеттік-жеке әріптестіктің концессиялық жобалары мен жобаларын консультациялық сүйемелдеу**

Бұл ішкі класқа:

- инвестициялық ұсыныстарды, концессиялық ұсыныстарды, мемлекеттік-жеке әріптестік жобалары тұжырымдамаларын, жобалық іздестірулерді, техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу және сүйемелдеу

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

- мемлекеттік-жеке әріптестіктің концессиялық жобалары мен жобалары бойынша конкурстық құжаттамаларды әзірлеу және сүйемелдеу
- концессия және мемлекеттік-жеке әріптестік шарттары жобаларын әзірлеу және сүйемелдеу
- мемлекеттік-жеке әріптестіктің концессиялық жобалары мен жобалары бойынша конкурсқа қатысушыларды іздестіру және тарту
- мемлекеттік-жеке әріптестіктің концессиялық жобалары мен жобалары бойынша конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерін бағалау
- мемлекеттік-жеке әріптестік субъектілерінің, соның ішінде концессиялар арасындағы келіссөз процесінде консультациялық көрсетілетін қызметтерді ұсыну кіреді

### **71 Сәулет, инженерлік ізденістер, техникалық сынақтар мен талдау саласындағы қызмет**

Бұл бөлімге сәулет, инженерлік көрсетілетін қызметтер, жобалау қызметтері, құрылысты бақылау, геодезия мен картография бойынша көрсетілетін қызметтер кіреді. Бұл бөлімге сондай-ақ химиялық, физикалық және басқа да сынақтарды бойынша көрсетілетін қызметтерді кіреді.

#### **71.1 Сәулет, инженерлік ізденістер саласындағы қызмет және осы салаларда техникалық консультациялар ұсыну**

Осы топқа сәулеттік, инженерлік көрсетілетін қызметтер, жобалау, құрылысқа бақылау жасау, геодезия мен картография бойынша көрсетілетін қызметтер кіреді

##### **71.11 Сәулет саласындағы қызмет**

71.11.1 Атом өнеркәсібі және атом энергетикасы объектілері үшін сәулет саласындағы қызмет

Бұл ішкі класқа атом өнеркәсібі және атом энергетикасы объектілерінің бас жоспарларын жобалау кіреді

71.11.2 Атом өнеркәсібі және атом энергетикасы объектілерін қоспағанда, сәулет саласындағы қызмет

Бұл ішкі класқа:

- сәулет саласында консультация беру: сызбалар жасауды қоса алғанда ғимараттарды жобалау, ландшафт сәулетін қоса алғанда қалаларды жоспарлау кіреді

Бұл ішкі класқа:

- ақпараттық технологиялар саласында консультациялық көрсетілетін қызметтерді ұсыну, (62.02, 62.09 қараңыз)

- үй-жайларды безендіру кірмейді, (74.10.0 қараңыз)

#### **71.12 Инженерлік іздеулер саласындағы қызмет және осы салада техникалық консультация беруді ұсыну**

Бұл класқа:

- мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу немесе шығару,

(58.29.0, 62.01.1 қараңыз)

- ақпараттық технологиялар саласында консультациялық көрсетілетін қызметтерді ұсыну (62.02, 62.09 қараңыз)

- техникалық сынақтар кірмейді, (71.20 қараңыз)

71.12.1 Атом өнеркәсібін және атом энергетикасы объектілерін қоспағанда, инженерлік-техникалық жобалау саласындағы қызмет

Бұл ішкі класқа:

- инженерлік-техникалық жобалау (яғни машиналарды, материалдарды, құрал-саймандарды, имараттарды, процестер мен жүйелерді жобалауда физикалық заңдар мен инженерлік-техникалық ережелерді қолдану): машина жасау, өнеркәсіптік процестер мен жабдықтар; гидротехникалық имараттарды, көлік құрылысын қоса алғанда инженерлік имараттардың құрылысына байланысты жобалау; су ресурстарын басқаруды жобалау; электроника мен электртехникаға, кен өндіру инженериясына, химиялық технологияға, жүйелік техникаға, қауіпсіздік техникасына жататын жобалау

- ауаны кондициялау, салқындату, санитарлық күйді және қоршаған ортаның жай-күйін бақылау, шумен күрес және т.с.с. бойынша жобаларды әзірлеу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер бойынша қызмет, (72.19 қараңыз)

- өнеркәсіптік дизайн кірмейді, (74.10.0 қараңыз)

71.12.2 Геологиялық барлаулар мен ізденулер бойынша қызмет (ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерсіз)

Бұл ішкі класқа:

- геофизикалық, геологиялық және сейсмикалық зерттеулер кіреді

Бұл ішкі класқа:

- тау-кен жұмыстарымен байланысты сыналатын бұрғылау кірмейді, (09.10.0, 09.90.0 қараңыз)

71.12.3 Геодезиялық қызмет

Бұл ішкі класқа:

- геодезиялық іздеу қызметі: жердің бетін және жер қыртысының үстіңгі қабаттарын зерттеулер; гидрологиялық іздестіру жұмыстары; жер асты қабаттарын зерттеулер кіреді

Бұл ішкі класқа:

- аэрофототүсірілім кірмейді, (74.20.0 қараңыз)

71.12.4 Жерге орналастыру

Бұл ішкі класқа:

- жер ресурстарын пайдалану мен қорғау схемалары мен жерге орналастыру схемаларын әзірлеуге байланысты қызмет

- жергілікті жерлерге әкімшілік-аумақтық бірліктер шекараларын орнату

## ҚР ҰЖ 03-2019

- жобалар жасау, жердің орналасуындағы қолайсыздықтарын жоюмен, жер учаскелерін нақты бөлумен, жерге меншік құқығын, жерді иелену және пайдалануды куәландыратын құжаттарды дайындаумен қолданыстағы жерге иелік етумен және жерді пайдалануды реттеу және жаңаларын құру

- шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобаларын және жерді пайдалану және қорғаумен байланысты басқа да жобаларды әзірлеу

- табиғатты қорғау, рекреациялық және қорықтық ерекше режимдері бар аумақтарды орналастыру мен шекараларын белгілеу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- аэрофототүсірілім кірмейді, (74.20.0 қараңыз)

### 71.12.5 Картография саласындағы қызмет

Бұл ішкі класқа:

- цифрлық картография және топографиялық-геодезиялық деректер негізінде геоақпараттық жүйелерді құрастыру, соның ішінде: жалпы мемлекеттік, қорғаныс, ғылыми-зерттеу және өзге де міндеттерді қамтамасыз ету үшін топографиялық және арнайы карталар мен жоспарларды, графикалық, цифрлық, фотографиялық және басқа да нысандарда ғарыштық суреттер бойынша фотожоспарлар жасау бойынша қызмет

- далалық зерттеулер деректері, аэрокосмостық суреттер, әдеби-анықтамалық материалдар бойынша топографиялық және арнайы карталарды және жоспарларды жаңарту кіреді

Бұл ішкі класқа:

- аэрофототүсірілім кірмейді, (74.20.0 қараңыз)

71.12.6 Инженерлік ізденістер саласындағы және атом өнеркәсібі мен атом энергетикасы объектілері үшін осы салада техникалық консультацияны ұсыну қызметі

Бұл ішкі класқа:

- уран кеніштерін, конверсиялық өндірістерді, АЭС үшін отын жасау және отынды қайта өңдеу бойынша өндірістерді жобалау

- уран өндіру және қайта өңдеу бойынша өндірістік объектілерді орналастыру үшін технологиялық жобалау (көлік құрылысы)

- уран өндірудің тау-кен өндірістерін (технологиялық) жобалау

- уран кен орындарын өңдеуге арналған жобаларды және технологиялық регламенттерді құрастыру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер бойынша қызмет, (72.19 қараңыз)

- өнеркәсіптік дизайн кірмейді, (74.10.0 қараңыз)

### 71.12.7 Инженерлік-техникалық консультацияларды ұсыну бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа:

- заңнамалық реттеу және тексерумен байланысты стратегияны, зерттеуді талдауды қоса алғанда, инженерлік жобаға қатыссыз инженерлік принциптер мен әдістер бойынша клиенттерге консультациялар және ұсынымдар ұсыну бойынша қызмет

- инженерлік іс саласындағы тәжірибе, оқу немесе білімі негізінде, осындай мәселелер бойынша негізделген көзқарасты ұсынуда құзыретті куәгер болып саналатын куәлік айғақтарды беру бойынша қызмет

- бұзылған инженерлік жүйені немесе себеп болған факторларды айқындауға арналған құрылымдар инженерлік зерттеу бойынша қызмет

- энергиямен қамтамасыз ету және энергетикалық тиімділік бойынша іс-шараларға дайындық және өткізу бойынша техникалық кеңес беру кіреді

## **71.2 Техникалық сынақтар және талдаулар**

### **71.20 Техникалық сынақтар және талдаулар**

Осы класқа материалдар мен бұйымдардың барлық түрлерінің физикалық, химиялық және басқа да талдаулардан өткізуін:

- шумен және дірілмен байланысты сынау

- минералдардың химиялық құрамымен тазалығын және т.б. талдау

- ветеринариялық бақылау мен тамақ өнімдері сапасы саласындағы бақылауды қоса, тағам гигиенасы саласындағы зерттеулер

- төзімділік, қалыңдық, тозуға төзімділік, радиоактивтілік және т.б. сияқты материалдардың физикалық және пайдалану сипаттамаларын сынау

- материалдардың техникалық шарттарға сәйкестігіне және беріктігін бағалауға сынау

- монтаждалған механизмдер: қозғалтқыштардың, автомобильдердің, электрондық жабдықтардың және т.б. пайдалану сипаттамаларын сынау

- дәнекерлеу жіктері мен түйіскен жерлерді радиографиялық тестілеу

- авариялар мен бүдінулерді талдау

- қоршаған орта параметрлері: ауаның және су ресурстарының ластануын және т.б. зерттеу мен өлшеу

- өлшеу құралдарды тексеру және калибрлеу

- тұтыну тауарларын, автомобильдер, ұшақтар, қысыммен жұмыс істейтін резервуарлар, ядролық құрылғылар және т.б. қоса, өнімдерді сертификаттау

- автокөлік құралдарын кезеңдік техникалық байқау

- модельдер мен макеттер (мысалы, ұшақтар, кемелер, бөгеттерді және т.б.) көмегімен сынау

- сот зертханаларының қызметі кіреді

Бұл класқа:

-жануарлардан алынған сынамалар үлгілерін тестілеу, (75.00.0 қараңыз)

-диагностикалық зерттеулер, тесттер мен медициналық және стоматологиялық сынамалар алу кірмейді, (86 қараңыз)

71.20.1 Санитариялық-эпидемиологиялық ұйымдар қызметі

71.20.2 Санитариялық ағарту ұйымдарының қызметі

71.20.3 Зертханалық сынақтар мен талдауларды жүзеге асыру бойынша мұнай өңдеу зауыттарының қызметі

Бұл ішкі класқа:

- сертификаттық сынақтар, декларациялау кезінде өнімнің сәйкестігін растау

## ҚР ҰЖ 03-2019

- бөгде ұйымдар ұсынған өнімдер сапасының техникалық шарт талаптарына сәйкестігіне тексеру
- мұнайды паспорттау
- мұнай берушілерден әртүрлі кен орындарынан мұнайды талдау
- автомобиль бензиндерін дизель отынын толық талдау
  - АЖҚС іріктеп алынған сынамаларға өнімдердің (бензиннің және дизель отынының) сәйкестігін растау бойынша сынау
  - жұмыс аймағындағы ауа, өнеркәсіптік шығарындылар, топырақ пен су (жер асты, жер үсті, ауыз су, тазартылған, ақаба) мониторинг
  - қызметкерлердің еңбек жағдайларын бағалау бойынша қызметті жүзеге асыруды (физикалық факторлар: жарықтандыру, шу, діріл, электр өрістері; микроклимат: температура, ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы) кіреді

### 71.20.4 Геология саласындағы зертханалық-талдамалық зерттеулер

Бұл ішкі класқа:

- қатты пайдалы қазбалар сынамаларының заттық және қарапайым құрамын айқындау мақсатында кешенді геохимиялық зерттеулерді
- пайдалы қазбалардың барлық түрлерінің пайда болуы және қорлану шарттарын сипаттау үшін зерттеулердің петрографикалық, минералогиялық және басқа түрлерін кіреді

71.20.9 Техникалық сынаулар мен талдауды жүзеге асыратын өзге де мекемелердің қызметі

Бұл ішкі класқа:

- тахеометрлерді, нивелирлер және теодолиттерді, навигациялық спутниктік аппаратураны, лазерлік қашықтық өлшеуіштерді, рулеткаларды, тігінен жобалау құрылғыларын, инклинометрлерді (бұрыштың қисаю бергіші) және басқа да жабдықтарды тексеру кіреді

## 72 Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер

Аталған бөлімге ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің үш түрі:

- 1) іргелі зерттеулер: тәжірибелік және теориялық жұмыстар осы ақпаратты нақты қолданусыз немесе пайдаланусыз құбылыстар мен байқауға болатын фактілердің негізіне жататын жаңа білім алуға және принциптерге бағытталған тәжірибелік немесе теориялық жұмыстар
- 2) қолданбалы зерттеулер: нақты практикалық мақсатқа қол жеткізу немесе нақты практикалық міндеттерді орындау үшін жаңа білім алуға бағытталған бірегей зерттеулер
- 3) эксперименттік әзірлемелер: жаңа материалдарды, өнімдер мен құрылғыларды өндіруге бағытталған ғылыми зерттеулер мен (немесе) практикалық тәжірибе нәтижесінде алынған бар білімдерге негізделген жүйелі жұмыстар және жаңа процестерді, жүйелер мен көрсетілетін қызметтерді енгізуге құрылған немесе енгізілгендерін айтарлықтай жақсарту кіреді.

Осы бөлімдегі зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер екі санатқа: жаратылыстану мен техникалық ғылымдар; қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарға бөлінген.

Бұл бөлімге:



- нарық конъюнктурасын зерттеу кірмейді, (73.20.0 қараңыз)

## **72.1 Жаратылыстану мен техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер**

Осы топқа жаратылыстану мен техникалық ғылымдар саласындағы топ іргелі зерттеулерді, қолданбалы зерттеулерді, эксперименттік әзірлемелерді біріктіреді.

### **72.11 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер**

72.11.0 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

Бұл ішкі класқа биотехнологиялар саласындағы зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер:

- ДНК/РНК: геномдар, фармакогеномика, гендік зерттеулер, гендік инженерия, қосылыстардың жүйелілігі, ДНК және РНК синтезі және күшеюі, гендер экспрессиясын зерттеу және қарсы мәнді технологияны пайдалану

- белоктар мен өзге де молекулалар: қосылыстардың жүйелілігі, синтез, белоктар мен пептидтер (гормондардың ірі молекулаларын қоса алғанда) инженериясы; ірі молекулярлы дәрілердің жақсартылған жеткізілімінің әдістері; протеомика, белоктарды бөліп шығару және тазарту, сигналдар беру, жасушалық рецепторларды анықтау

- жасушаларды мен тіндерді өсіру және инженериясы: жасушалар мен тіндерді өсіру (жасушалық қаңқалар және биомедициналық инженерияны қоса) жасушалық синтез, вакциналық және иммундық стимуляторлар, эмбрионды манипуляциялау

- процестік биотехнологиялар техникасы: биореакторларды қолданумен ашыту, биоөңдеу, биосілтілендіру, материалдарды талшықты массаға айналдыру, биосульфуризациялау, био қалпына келтіру, биосүзу және фиторемедиация

- гендерді және РНК-ны тасушылар: гендік терапия, вирусты векторлар

- биоинформатика: биологиялық жүйелерді қоса, геномдар, белоктардың жүйелілігі, күрделі биологиялық процестері модельдеу бойынша деректер базасын құру

- нанобиотехнологиялар: дәрілік заттарды, диагностиканы және т.б. пайдалана отырып биожүйелер мен қосымшаларды зерделеу бойынша құрылғыларды құру үшін нано- және микро әзірлеу құралдары мен процестерін қолдану кіреді

### **72.19 Жаратылыстану мен техникалық ғылымдар саласындағы өзге де ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер**

72.19.1 Автомобиль жолдары мен көпір құрылыстарын жобалау, салу, жөндеу, ұстау және диагностика саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

Бұл ішкі класқа:

- автомобиль жолдары мен көпір құрылыстарын жобалау, салу, жөндеу, ұстау және диагностика саласындағы теориялық және эксперименттік зерттеулер

- автомобиль жолдары мен көпір құрылыстары үшін жаңа материалдарды, технологияларды және конструкцияларды зерттеу және әзірлемелер

- автомобиль жолдары мен көпір құрылыстарын жобалау, салу, жөндеу, ұстау және диагностика саласында әзірлемелер мен инновацияны енгізуді ғылыми-техникалық сүйемелдеу кіреді

## ҚР ҰЖ 03-2019

72.19.2 Геологиялық саладағы ғылыми-зерттеу, тәжірибе-әдістемелік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар

Бұл ішкі класқа:

- республикалық геологиялық қорда сақталатын тарихи зерттеу есептері мен ғылыми жұмыстарды талдау
- іздестіру және/немесе іздестіру-бағалау жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу
- ұңғымаларды, тау-кен өнімдерін конструкциялау
- геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша қорытындылайтын есепті, кондициялардың техникалық-экономикалық негіздемелерін, қорларды есептеумен есепті құрастыру
- пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеу мен барлау әдістерін жетілдіру және жаңғырту
- геологиялық барлау жұмыстары техникасын мен технологиясын жетілдіру және жаңғырту
- кен орындарын игеру кезінде негізгі және басқа да пайдалы компоненттерін тереңнен шығаруды қамтамасыз ететін инновациялық технологияларды және материалдарды әзірлеу мен енгізу кіреді

72.19.3 Ғарыш қызметі саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер

Бұл ішкі класқа:

- галактикалардың, жұлдыздардың, жұлдызаралық ортаның, Күннің, күн жүйесі планеталарының және геостационарлық объектілердің белсенді ядроларын зерттеу
- есептеу астрофизикасы әдістерімен жұлдыздар динамикасын зерделеу
- космология және ядролық астрофизика саласындағы зерттеулер
- күн-жер физикасы саласындағы зерттеулер
- ғарыштық геодезия және картография әдістері негізінде пайдалы қазбалар кен орындарын болжау технологиясын құру
- аэроғарыштық қашықтықтан зондтау негізінде атмосфера мен жер бетін зерттеу әдістері мен технологияларын әзірлеу және қолдану
- аэроғарыштық мақсаттағы материалдарды, аспаптар мен аппараттарды жасау технологиясын әзірлеу және қолдану
- спутниктік байланыс және навигациялар жүйелерінің аппаратты-бағдарламалық әдістері мен технологияларын әзірлеу
- Қазақстан аумағын жерүсті-ғарыштық геоэкономикалық зерттеулер кіреді

72.19.4 Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы зерттеулер және эксперименттік әзірлемелер

Бұл ішкі класқа жаңа материалдарды, өнімдер мен құрылғыларды өндіруге, жаңа процестер, жүйелер мен қызметтерді енгізуге бағытталған атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелерді кіреді

72.19.5 Инфекцияға қарсы препараттар саласындағы зерттеулер мен әзірлемелер

Бұл ішкі класқа:

- адамдар мен жануарларды бактериялық және вирустық, соның ішінде әлеуметтік маңызды инфекциялардан (туберкулез, ЖИТС және т.б) қорғау мақсатында биомедицина саласындағы зерттеулер

- фармацевтика саласындағы әзірлемелер, бактериялық және вирустық сипаттағы аурулармен күресу үшін инфекцияға қарсы жаңа дәрілік құралдар әзірлеу кіреді

**72.19.9 Жаратылыстану және техникалық ғылымдары саласындағы өзге де зерттеулер мен әзірлемелер**

Бұл ішкі класқа:

- биотехнологиялық зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер: жаратылыстану, инженерлік, медициналық, ауылшаруашылық ғылымдар; әсіресе жаратылыстану мен техникалық ғылымдар саласындағы пәнаралық зерттеулер мен әзірлемелерден басқа, жаратылыстану мен техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер кіреді

**72.2 Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер**

**72.20 Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер**

**72.20.1 Отандық өндірістерді дамытуға жәрдемдесуге бағытталған қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер**

Бұл ішкі класқа қоғамдық және гуманитарлық ғылымадр саласындағы зерттеулер жүргізуге байланысты және өнеркәсіпті, сондай – ақ қоғамдық және гуманитарлық ғылымадр саласындағы зерттеулер нәтижелері бойынша ішкі нарықта отандық өндірушілердің тауарларын, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерін жылжыту бойынша қызметті дамытуға бағытталған жүйелі талдауды қамтамасыз ететін қызмет түрлерін кіреді

**72.20.2 Индустрияны дамытуға бағытталған қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер**

Бұл ішкі класқа өнеркәсіпті дамытудың теориялық, әдіснамалық және практикалық мәселелерін, өнеркәсіп салаларын дамытудың экономикалық факторларын зерттеуге, өнеркәсіп салаларын дамыту үрдістерін болжауға бағытталған қоғамдық және гуманитарлық саладағы зерттеулер өткізуге байланысты қызмет түрлерін, сондай-ақ қатар еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған қызметті кіреді

**72.20.3 Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік саласындағы зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер**

Бұл ішкі класқа:

- қорғаныс және мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі саласындағы зерттеулер және эксперименттік әзірлемелер

- Қарулы күштердің жауынгерлік әзірлігі және жауынгерлік қабілеттілігін арттыруға бағытталған қорғаныс саласындағы инновациялық жобаларды зерттеулер және эксперименттік әзірлеу

## **ҚР ҰЖ 03-2019**

- Қарулы Күштердегі, басқа да әскердегі және әскери құралымдардағы қарулану мен техниканы құру мен жетілдіру, ақпараттық технологияны дамыту бойынша зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер

- қорғаныс пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өнімді, соның ішінде қосарлы мақсаттағы өнімді жаңғырту және/немесе құру бойынша тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар және зерттеулер

- қорғаныс-өнеркәсіптік кешенді дамыту бойынша зерттеулер

- әскери өнер, құрылыс, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды дайындау мен қолдану саласындағы зерттеулер

- әскери тәрбие, әскери тәртіп, қолданбалы әскери психология мен әскери әлеуметтану саласындағы зерттеулер кіреді

**72.20.4 Экономикалық, бюджеттік және стратегиялық жоспарлау саласындағы пәнаралық зерттеулер мен әзірлемелер**

Бұл ішкі класқа:

- мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметін сараптама-талдамалық бағалау

- мемлекеттік жоспарлау және мемлекеттік басқару жүйелерін зерттеу

- экономикалық-математикалық модельдеу мен макроэкономикалық болжау құралдарын зерттеу және әзірлеу

- ұлттық экономика дамуының стратегиялық бағыттарын зерттеу және әзірлеу

- заң жобаларының реттеушілік ықпалын талдау және ғылыми-экономикалық сараптама жүргізу кіреді

**72.20.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер және эксперименттік әзірлемелер**

Бұл ішкі класқа:

- қоғамдық ғылымдар саласындағы зерттеулер мен әзірлемелер

- гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер мен әзірлемелер

- әсіресе қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнаралық зерттеулер мен әзірлемелерді кіреді

Бұл ішкі класқа:

- нарық конъюнктурасын зерттеу кірмейді, (73.20.0 қараңыз)

## **73 Жарнама қызметі және нарық конъюнктурасын зерттеу**

Осы бөлімге жарнама компанияларын құру мен жүргізу және газеттерге және басқа да мерзімді басылымдарға, радио мен телевидениеге немесе басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына жарнама орналастыру, сондай-ақ демонстрациялық беттер мен сайттарды жасау кіреді.

### **73.1 Жарнамалық қызмет**

#### **73.11 Жарнама агенттіктерінің қызметі**

##### **73.11.0 Жарнама агенттіктерінің қызметі**

Бұл ішкі класқа консультациялық көрсетілетін қызметтерді, жарнамалық материалдарды жасау мен өндіру бойынша сатып алу бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу қоса алғанда, жарнама қызметтерінің (немесе өз мүмкіндіктеріне қарай немесе келісім –шарт негізінде) толық ассортиментін ұсыну кіреді.

Бұл ішкі класқа:

- жарнама компанияларын құру және жүргізу: жарнама жасау және газеттерде және басқа да мерзімді басылымдарда, радио мен телевидениеде, Интернет желісінде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру; сыртқы жарнаманы жасау және жарнамалық қалқандарға, панельдерге, бюллетеньдерге, хабарландыруларға арналған стендтерге, витриналарға, көрме залдарына, машиналар мен автобустардың сыртқы жағына және т.б. орналастыру тарату; әуе жарнамасы; жарнама материалын немесе жарнамалық үлгілерді тарату немесе жеткізу; стендтерді және басқа да көрмелік құрылымдар мен сайттарды жасау

